**2022 жылғы «17» сәуірдегі «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесімен бекітілген (№1 хаттама)**

СК-ФАРМАЦИЯ

# НЕҒҰРЛЫМ ӘДІЛ ЖӘНЕ ДЕНІ САУ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ДЗ ЖӘНЕ МБ-МЕН ҮЗДІКСІЗ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

# 2022

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Астана қ., 2023

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздің қолыңызда «СҚ-Фармация» ЖШС-нің Жылдық есебі, онда неғұрлым әділ және дені сау Қазақстан құруда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде халықты дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен үздіксіз қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттарымыз бен жұмыс нәтижелеріміз және Бірыңғай дистрибьютор рөлінің тиісінше орындалуы көрсетілген

## СІЗГЕ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒУҒА ҰСЫНАМЫЗ!

*Қазақстан Республикасында ТМККК және МӘМС шеңберінде ДЗ мен МБ Бірыңғай дистрибуция жүйесі «ТМККК шеңберінде дәрілік заттар дистрибуциясының бірыңғай жүйесін енгізу жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 11 ақпандағы № 134 қаулысына сәйкес ДЗ, МБ сатып алуды ТМККК шеңберінде шоғырландыру мақсатында құрылған.*

*ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 7 қарашадағы № 1781 қаулысымен «СҚ-Фармация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ДЗ, МБ сатып алу, ДЗ, МБ сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер және шарттар, ұзақ мерзімді шарттар жасасу, сондай-ақ ТМККК шеңберінде медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыру бойынша Бірыңғай дистрибьютор болып айқындалды.*

СК-ФАРМАЦИЯ

СК-ФАРМАЦИЯ



# МАЗМҰНЫ

## 1 БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

4 Бақылау кеңесі Төрағасының алғы сөзі
5 Басқарма Төрағасының алғы сөзі

## 2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

6 «СҚ-Фармация» ЖШС-нің құрылу тарихы
7 Миссия, пайымдау және стратегиялық бастамалар
8 Даму стратегиясы
11 СҚ-Фармацияны Қайта жүктеу бағдарламасы
14 Фармацевтикалық нарыққа шолу

## 3 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

15 ДЗ мен МБ сатып алу жағдайы
21 ДЗ мен МБ медициналық ұйымдарға жөнелту
22 Бірыңғай дистрибьютор қызметі шеңберінде амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету
24 Отандық тауар өндірушілерді қолдау
28 Медициналық фармацевтикалық кластерлерді дамыту
29 Бірыңғай дистрибьютор деңгейінде медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру

## 4 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

32 Қаржы қызметінің нәтижелері
32 Ақша ағындарын басқару

## 5 ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

37 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
39 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
42 Персоналды басқару
44 «СҚ-Фармация» ЖШС-нің Жастар комитеті
44 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

## 6 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

47 Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары мен құрылымы
48 Жалғыз қатысушы
48 Бақылау кеңесі
55 Басқарма
57 Ревизиялық комиссия
58 Ұйымдық құрылым

## 7 2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

59 2022 жылғы жұмыстың негізгі нәтижелері

## БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

### *Бақылау кеңесі Төрағасының алғы сөзі*



**«KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағы Төрағасының орынбасары, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы**

**Лавриненко Юрий Иванович**

**Құрметті есеп оқырмандары,**
**әріптестер, серіктестер!**

Ұлт денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесінің халық үшін қолжетімділігі біздің мемлекетіміздің негізгі басымдықтары болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстанның фарминдустриясы қарқынды дамып келеді, сондай-ақ ел экономикасында маңызды рөл атқарады. Статистика деректеріне сәйкес соңғы 10 жылда **Қазақстанның фарминдустриясы жылына орта есеппен 12%-ға өсуде.** Саланың өсуі мемлекет тарапынан көп деңгейлі қолдаумен байланысты.

Бүгінгі күні фармацевтика өнеркәсібі Қазақстанда **100-ден астам кәсіпорын** – шетелдік және жергілікті фармацевтикалық өнімдерді өндірушілер, соның ішінде медициналық мақсаттағы бұйымдардың шағын өндірушілері бар. Отандық кәсіпорындар: «Химфарм» АҚ, «Глобал Фарм БК» АҚ, «Нобель АФФ» АҚ, «Ромат» және «Досфарм» фармацевтикалық компаниялары технологиялық процестерді әзірлеу мен енгізуді, дайын дәрілік нысандарды өндіруді, дистрибьюторлық және дәріханалық желілер арқылы емдеу мекемелері мен тұтынушыларға сатуды қоса алғанда, **толық циклді кәсіпорындар** болып табылады. Медициналық құрал-жабдықтар өндірісінің толық циклы бар кәсіпорын «Ақтөберентген» АҚ болып табылады.

Қазақстанда мемлекет **құрылған бірыңғай дистрибьютор** арқылы әрекет ете отырып, дәрі-дәрмектерді жеткізуде маңызды рөл атқарады.
Бірыңғай дистрибьютор жүйесі ТМККК шеңберінде халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету, ҚР фармацевтика саласының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік сатып алуды шоғырландыру жолымен фармацевтика өнеркәсібін дамыту мақсатында құрылған.

# БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

## *Басқарма Төрағасының алғы сөзі*



**экономикалық ғылымдар кандидаты, MBA, DBA**

**Искалиев Ерхат Серикович**

**Құрметті есеп оқырмандары,
әріптестер, серіктестер!**

Сіздермен 2022 жылдың қорытындысы бойынша «СҚ-Фармация» ЖШС-нің есеп беттерінде қауышқанымызға қуаныштымыз.

Ауыр, жөн сілтейтін, қарқынды. Өткен 2022 жылды осылай сипаттауға болады.

**СҚ-Фармацияны Қайта жүктеу бағдарламасы** шеңберінде біз бір жыл ішінде Бірыңғай дистрибьютордың қызметін жетілдіру және елдің фармацевтикалық саласын дамыту бойынша көлемді жұмыс жүргіздік.

Жыл сайын СҚ-Фармация **2 мыңнан астам медициналық ұйымды** қамтамасыз етеді, ал біз сатып алатын препараттарды алатын пациенттердің саны 5 млн. Соңғы 12 жылда сатып алу **11 есеге**, ал атаулар саны 2,2 есеге **өсті**.

Жоспарлы өсу сатып алынатын отандық препараттар бөлігінде де байқалады. 2010 жылдан бастап қазақстандық өндірушілердің үлесі 2,2 есе өсті. Бүгінгі күні **37 отандық өндірушілермен 101 ұзақ мерзімді шарт** жасалды.

Орфандық препараттарды сатып алуға ерекше назар аударылады, олардың тізімі жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2022 жылы препараттардың 96 атауы, 2023 жылы-207 атауы сатып алуға жатады.

Сонымен қатар, ҚР ДСМ, СҚ-Фармация және «Қазақстан халқына» қоры арасындағы Меморандум аясында **4 шартқа қол қойылды**, олар біздің тарапымыздан толық көлемде орындалды.

Бірыңғай дистрибьютор **«сары карточкалар»** сияқты кері байланыс құралдарын пайдалана отырып, жеткізушілерге қойылатын талаптарды арттыру арқылы қазақстандық медициналық мекемелер қамтамасыз етілетін дәрі-дәрмектердің **сапасы мен қауіпсіздігі** мәселелерін басымдыққа қояды.

## «СҚ-Фармация» ЖШС-нің құрылу тарихы

### 2009

- «СҚ-Фармация» ЖШС-ін Самұрық-Қазына ҰӘҚ бөлімшесі ретінде халықты ТМККК шеңберінде сапалы және қол жетімді ДЗ-мен үздіксіз қамтамасыз ету, бюджет қаражатын үнемдеу, Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібінің дамуына жәрдемдесу мақсатында құру

### 2013

- СҚ-Фармацияға 100% мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне беру.

### 2018

- Амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуді орталықтандыру

### 2019-2023

- Жаңа даму стратегиясы

### 2020

- Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу
- Бірыңғай дистрибьюторға жұмылдыру резервінің ДЗ мен МБ жеткізу, сақтау жөніндегі функциялар берілді
- Бірыңғай дистрибьютор ДЗ мен МБ гуманитарлық көмекті қабылдау үшін
- ДЗ мен МБ кейіннен бөлшек сауда желісінде өткізу үшін көтерме саудада сатып алу жөніндегі өкілеттіктер

### 2021

- Вакциналардың салқындату тізбегін цифрландыру бойынша пилоттық жоба аяқталды
- ДЗ мен МБ таңбалаудың пилоттық жобасы аяқталды
- ҚР-да фармацевтика өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды жүзеге асыру. ДЗ мен МБ отандық өндірісін дамыту

### 2022

- Медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру
- Медициналық фармацевтикалық кластерлерді дамыту

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

***Миссия, пайымдау және стратегиялық бастамалар***

## БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Сапа және қауіпсіздік**

**Корпоративтік рух және позитивті ойлау**

**Сенім және өзара түсіністік**

**Жаңашылдық және өзін-өзі жетілдіру**

**МИССИЯ**

Жоғары кәсіби қызметкерлермен және дамыған инфрақұрылыммен біз ҚР халқының ДЗ мен МБ-ға тең және уақтылы қолжетімділігін қамтамасыз етеміз.
Біз жұмысымыздың сапасына бағдарланғанбыз

**ПАЙЫМДАУ**

Біздің компания 2023 жылға қарай ҚР және ЕАЭО аумағындағы МҰ-ға ДЗ мен МБ үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ететін заманауи инфрақұрылымы бар тиімді жұмыс істейтін ұйым болып табылады

**СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР**

- Бизнес-мүмкіндіктерді кеңейту жағдайында қызметті трансформациялау;
- Ұйым қызметіндегі сапаны басқару;
- Менеджмент технологиясын жетілдіру

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## SWOT – ТАЛДАУ

ІШКІ

**S – МЫҚТЫ ЖАҚТАРЫ**

- Жеке логистикалық инфрақұрылымды даму перспективасы
- ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде ДЗ мен МБ орталықтандырып сатып алуға айрықша құқық
- Халықаралық ұйымдар арқылы және шетелдік өндірушілерден сатып алу көлемдерін ұлғайту беталысы
- ҚРДСМ жүйелерімен интеграцияланған жеке IT-инфрақұрылымының болуы
- Орталықтандырылған сатып алу масштабындағы үнемдеу

**W – ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ**

- ДЗ мен МБ берушілерден және логистика қызметін берушілерге тәуелділік
- Тауарды бақылау жүйесінің болмауы
- Медұйымдардың ДЗ мен МБ қажеттілігін қате қалыптастыруы
- Қормен өзара есеп айырысудың ұзақ мерзімдері
- Медициналық ұйымды қайта ұйымдастыру/тарату кезінде өтінімдерді басқаратын бірыңғай механизм жоқ
- Тікелей келісімшарттар бойынша сатып алу кезінде бағам айырмасына тікелей тәуелділік

СЫРТҚЫ

**O – МҮМКІНДІКТЕР**

- БД қолданыстағы жүйесі халықты дәрі-дәрмекпен уақтылы және ашық түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді
- Өндірісті автоматтандыру есебінен логистикалық компаниялардың инфрақұрылымдық мүмкіндіктерін дамыту
- ТМККК тиімді бюджеттеу

**T – ҚАТЕРЛЕР**

- Инфляцияның өсуі және валюталық депозиттер банктерінің сыйақы мөлшерлемелерін төмендету
- Сатып алу рәсімдерін өткізу қағидалары көбінесе жоғары тұрған НҚА-мен сәйкестендірілмеген
- Тапсырыс берушілердің медициналық өнімдерге қажеттілікті тиімсіз жоспарлау

## *Даму стратегиясы*

Бақылау кеңесінің 2019 жылғы 20 мамырдағы шешімімен (№74 хаттама) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы (бұдан әрі – Даму стратегиясы) бекітілді.

Серіктестіктің Дамуының жаңа стратегиясы мемлекеттің дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласындағы жүргізіліп жатқан саясатын ескере отырып әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы заңнаманы өзгерту жағдайында Серіктестіктің бизнес-мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Дамудың жаңа стратегиясын қалыптастыруға әсер еткен маңызды фактор Бірыңғай дистрибьюторға медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алу бойынша жаңа функцияларды беру болып табылады.

Ұсынылып отырған Даму стратегиясының пайымы 2023 жылға қарай Серіктестік Қазақстан мен Еуразиялық одақ аумағындағы медициналық ұйымдарға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ететін инфрақұрылымы бар тиімді жұмыс істейтін ұйым болып табылатындығында.

Даму стратегиясы тәуекелге бағдарланған, Серіктестік қызметінің алдағы 2019 - 2023 жылдарға арналған миссиясын, пайымын, құндылықтарын, стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың негізгі көрсеткіштерін және жүргізіліп отырған денсаулық сақтау саясатын ескере отырып, Стратегия оларды іске асыруда мынадай стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді көздейді:

**«1 МАҚСАТ. Бизнес-мүмкіндіктерді кеңейту жағдайында қызметті трансформациялау**

Осы стратегиялық мақсат шеңберінде Ұйым бірыңғай дистрибуция жүйесінде өндірістің толық салалық циклін қамтамасыз етеді, сондай-ақ өзінің бизнес-мүмкіндіктерінің әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын іске асыру мақсатында медициналық техниканың жеткіліксіз жарақтандырылуы, жергілікті жерлерде медициналық техниканы сатып алу кезінде бағалардың әр-түрлі болуы, медициналық техниканы лизингке алудың қолжетімді тетіктерінің болмауы, медициналық аспаптардың отандық өндірісін дамытудың жеткіліксіздігі бөлігінде медициналық техникамен қамтамасыз ету жүйесінің проблемаларын шешу үшін Ұйым базасында медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыруды жүзеге асыру жоспарлануда.

**Міндеттер:**

1.1. Міндет. Жеке логистикалық инфрақұрылымды дамыту;

1.2. Міндет. «ДЗ және МБ-мен Бірыңғай дистрибьютор тізімінен тыс (оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде) қамтамасыз ету»;

1.3. Бірыңғай дистрибьютор базасында медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алу.

**«2 МАҚСАТ. Ұйым қызметіндегі сапаны басқару**

Осы стратегиялық мақсат шеңберінде Ұйым өнім мен көрсетілетін қызметтердің сапасын басқарудың барлық мәселелері үшін жауап береді. Соңғы жылдары сапаны басқаруда стратегияға жаңа көзқарас қалыптасқандықтан, бұл үрдіс сапаға деген көзқарасты өзгерту қажеттілігін көрсетеді.

Сапаны басқарудағы стратегияның жаңа бағыты бірқатар сәттермен сипатталады:

- ✓ сапа кепілдігі қандай-да бір бөлім жүзеге асыратын техникалық функция ретінде емес, Ұйымның бүкіл ұйымдық құрылымына енетін жүйелі процесс ретінде түсінілуі тиіс;
- ✓ сапа Ұйымның барлық мүдделі тараптарының талаптарын қанағаттандыруға бағытталуы тиіс;
- ✓ өнім сапасын арттыру жаңа технологияларды өндірісте де, бизнес-процестерді жетілдірумен қатар менеджменттің жаңа технологияларын да қолдануды талап етеді.

Осы стратегиялық мақсатты табысты іске асырудың кепілі Ұйымның практикалық қызметінде PDCA циклын қолдану болып табылады, оның әдісі есептілік пен жоспарлау кезеңдерінің кезеңділігімен қолданылады. Түзету әрекеттерін орындау кезінде PDCA ұзақтығы есеп беру және жоспарлау циклдерінің ұзақтығынан аз немесе көп болуы

мүмкін және ауытқу себептерін жою шараларының сипатына, көлеміне, ұзақтығына және мазмұнына байланысты белгіленеді.




**Деминг Циклі**

**Міндеттер:**

2.1. Міндет. Жеткізілімдердің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

2.2. Міндет. Әріптестермен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру;

2.3. Міндет. Бизнес-процестердің тиімділігін арттыру.

**«3 МАҚСАТ. Менеджмент технологияларын жетілдіру»**

Ұйымды басқару технологиясын жетілдірудің бір бағыты ретінде басқару жұмысын ұйымдастыруды жетілдіруді бөліп көрсетуге болады. Бұл бағыт Ұйым қызметкерлерінің жұмысын тиімді ұйымдастырумен байланысты. Ұйымның әр қызметкерінің басты міндеті өндірістік процестің тиімділігіне қатысты шешім қабылдау. Бұл Ұйымның қызметкерлері өндірістік қызмет пен қойылған мақсаттар арасындағы тепе-теңдікті сақтау процесінде, өндірісті дамытудың оңтайлы нұсқасын анықтауда және оның тиімділігін сақтауда маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ, Ұйымның дамуын арттыру және қызметті жетілдіру үшін білім мен жинақталған тәжірибені сақтау қажет. Бұл үшін Ұйым білім базасын семинарлар, жұмыс орнында оқыту, жұмыс кеңестері және т.б. өткізу арқылы тәжірибе мен алынған ақпарат негізінде айқындайды.

**Міндеттер:**

3.1. Міндет. Кадрлық әлеуетті дамыту;
3.2. Міндет. Қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу

## *СҚ-Фармацияны Қайта жүктеу бағдарламасы*

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекске сәйкес **Бірыңғай дистрибьютор қызметінің негізгі нысаналары**:

1. Отандық фармацевтикалық өндірісті қолдау және оның Қазақстан нарығында қатысуын арттыру;
2. ТМККК және МӘМС шеңберінде ДЗ мен МБ-ны алдын ала сатып алу және Қазақстан халқын үздіксіз қамтамасыз ету;
3. ТМККК және МӘМС шеңберінде Қазақстан халқына ДЗ мен МБ-ны тең және әділ қолжетімділікті қамтамасыз ету;

**Жыл сайын Бірыңғай дистрибьютор екі мыңнан астам медициналық ұйымды қамтамасыз етеді және бес миллионнан астам пациент біз сатып алатын препараттардың алушылары болып табылады *(яғни әрбір 4-нші қазақстандық).***

СҚ-Фармацияның жеке қоймалары жоқ және жыл сайын жеке нарықта қойма және көлік логистикасы қызметтерін сатып алады.

СҚ-Фармация өз қызметінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды дистрибуциялау сапасын қамтамасыз ете отырып, қатаң халықаралық талаптары бар сапаны басқарудың халықаралық стандарттарын ұстанады.

**Бірыңғай дистрибьютор арқылы ДЗ мен МБ сатып алудың нәтижесі:**

1. Бүкіл елде орталықтандырылған сатып алу нәтижесінде бағаны теңестіру және төмендету
2. Жыл сайын тең бағамен шамамен 2 млн. пациент бірдей сапалы препараттармен қамтамасыз етіледі
3. ДЗ мен МБ сатып алу қорытындылары бойынша 192,6 млрд. теңге мөлшерінде бюджет қаражатының жиынтық үнемделуі
4. 2 мың медициналық ұйым (стационар мен АДҚ) үшін сатып алу орталықтандырылды.

**СҚ-фармацияны Қайта жүктеу бағдарламасының** шеңберінде бір жыл ішінде Бірыңғай дистрибьютордың қызметін жетілдіру және елдің фармацевтика саласын дамыту бойынша мынадай бағыттарда көлемді жұмыс жүргізілді;

**1) Отандық тауар өндірушілерді және кәсіпкерлік бастаманы қолдау.**

**Дәрілік заттар айналымы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу** бойынша жұмыс жүргізілді:

- ДЗ мен МБ өндірісін құруға және (немесе) жаңғыртуға ниеті бар әлеуетті өнім берушілердің өтініміне бағалау өлшемшарттары қайта қаралды,
- BigPharma өтініштерін ескере отырып, **келісімшарттық өндірістің тапсырыс берушілерімен ұзақ мерзімді шарттар жасасу тетігі жетілдірілді.**

- **Қазақстан аумағында өндірістерді оқшаулау деңгейінің** өсуіне және фармацевтика өнеркәсібінде қосылған құн тізбегін құруға ықпал ететін шаралар әзірленді.

2) **Сатып алу рәсімдерін жетілдіру**

Мысалы, осы бағыт шеңберінде нормативтік-құқықтық актілерге, атап айтқанда, №375 ҚРҮҚ-ға «Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» өзгерістер енгізілді

Сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету, еңбек шығындарын оңтайландыру, қағаз құжат айналымын азайтуды қамтамасыз ету, адам қателіктері факторларын болдырмау және есептіліктің ашық болуын қамтамасыз ету мақсатында Бірыңғай дистрибьютор мынадай ұсыныстарға бастамашылық жасады:

- Бірыңғай дистрибьютордың ДЗ мен МБ электрондық сатып алуды (ұзақ мерзімді шарттарды қоспағанда) жүзеге асыруы.
- Әлеуетті өнім берушілер ұсынатын құжаттар тізбесі қысқартылды. Бұл ретте біліктілік талаптарын растайтын құжаттар Бірыңғай дистрибьютордың веб-порталында бекітіле отырып және қажет болған жағдайда жаңартыла отырып, бір рет ұсынылады.
- Бірыңғай дистрибьютордың веб-порталда өнім беру шарттарын жасасуы.

Дәрі-дәрмекпен үздіксіз қамтамасыз ету, дұрыс емес жоспарлау тәуекелдерін азайту, ТЖ туындаған кезде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қажеттіліктеріне жедел ден қою мақсатында төмендетілмейтін қорды сатып алу пайызы жалпы көлемнің 25%-на дейін ұлғайтылды (бұрын 10% болған).

**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың** 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмасын іске асыру шеңберінде отандық тауар өндірушілермен жасалатын оффтейк келісім шарттарының көлемін арттырып, өнім түрін көбейту қажет. Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың **17 пайызы ғана – отандық өнім**. 2025 жылы оны **50 пайызға жеткізу** бөлігінде Бірыңғай дистрибьютор бірқатар жобаларға бастамашылық жасады.

Қазақстан Республикасына технологиялардың трансфертін қамтамасыз ету, пациенттердің инновациялық дәрілік заттар мен емдеу әдістеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің кадрлық және ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында Бірыңғай дистрибьютор ЕАЭО және Орталық Азия елдеріне одан әрі экспорттай отырып, инновациялық препараттарды өндіру жобалары бойынша бірқатар BigPharma компанияларымен жұмыс жүргізуде.

**Мемлекет Басшысының алдыға қойған мақсаттарды табысты іске асыру** үшін отандық фарминдустрияны дамытуға **қолайлы инфрақұрылым құру қажеттілігі туындайды**, осыған байланысты Бірыңғай дистрибьютор елімізде **Астана, Ақтөбе, Шымкент қалаларында медициналық-фармацевтикалық кластерлер құру** туралы бастама көтерді. Бұл өңірлердің тартымдылығы олардың аумағында ірі өндірістік

алаңдардың, жетекші медициналық жоғары оқу орындарының және республикалық және өңірлік деңгейдегі клиникалық орталықтардың болуына байланысты. Кластерлік бастаманы дамыту R&D-орталықтарын құрмай мүмкін емес, өйткені олардың міндеті импортты алмастыратын дәрі-дәрмектерді жасауға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізу, оның ішінде ұзақ мерзімді шарттардың әлеуетін пайдалану, клиникаға дейінгі және клиникалық сынақтар жүргізу болады. Бүгінгі күні ҚРДСМ-нің тиісті бұйрығы күшіне енді және осы бастаманы іске асыру үшін жол карталарын әзірлеу және бекіту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

**Мемлекет Басшысының** 2021 жылғы шілдеде Үкіметтің кеңейтілген отырысында медициналық техниканы сатып алуды **Бірыңғай дистрибьютор деңгейінде орталықтандыру қажеттілігі туралы берген тапсырмасын атап өтіп,** құны 20 млн. теңгеге дейінгі МТ сатып алуға арналған тендерлік рәсімдер өткізу жолымен орталықтандырудың бірінші кезеңі жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта Бірыңғай дистрибьютор мен ірі вендорлар арасында офф-тейк келісімшарт жасасу, сондай-ақ өмірлік цикл келісімшарттарының тетіктерін пайдалану мүмкіндігі бар МТ орталықтандырылған сатып алу бағдарламасын енгізу жолымен Бірыңғай дистрибьютор МТ сатып алуды орталықтандырудың екінші кезеңін іске асыруды пысықтауда.

**Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді цифрландыру және Бірыңғай дистрибьютордың АТ-инфрақұрылымын жетілдіру** мақсатында медициналық ұйымдар деңгейінде қалдықтарды шоғырландыру, медициналық ұйымдардың ДЗ мен МБ жоспарлау процестерін жетілдіру және автоматтандыру, сондай-ақ сатып алу рәсімдерін толық автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі күні **Бірыңғай дистрибьютордың Ақпараттық жүйелерін дамыту тұжырымдамасы** әзірленіп, **бекітілді.**

## *Фармацевтикалық нарыққа шолу*

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы 2022 жылдың 11 айында 781,9 млрд. теңгені құрады.




IQVIA халықаралық талдау компаниясының есебіне сәйкес, қазақстандық фармацевтика нарығының құндық көлемі (бөлшек сауда мен ТМККК үшін сатып алуды ескере отырып) 2022 жылдың 11 айында дистрибьюторлар бағасымен 781,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2021 жылдың 11 айынан 13,1%-ға жоғары (691,4 млрд.теңге) *(бюджет сегментінің 12,31%-ға, бөлшек сауда – 13,66%-ға өсуі)*, бұл ретте сатылған өнімнің заттай көріністегі (қаптамалар саны) төмендеуі бар болғаны 1,12%-ды құрады, бұл 1 бірлік үшін тауар құнының артқанын білдіреді. Сонымен, орташа нарықтық баға 1 бірлік үшін 14,37%-ға ұлғайған, бұл ретте бюджет сегментіндегі өсім 18,1%-ды (стационарлық нарық – 14,2%, АДҚ – 17,3%), бөлшек сегментте – 14,0%-ды құрайды.

| Нарық сегменті | 2022 ж. 11 ай | | | 2021 ж. 11 ай | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сомасы, млрд. теңгеде | Тауардың бірлік саны (млн. қапт.) | Тауардың 1 бірлігі үшін бағасы | Сомасы, млрд. теңгеде | Тауардың бірлік саны (млн. қапт.) | Тауардың 1 бірлігі үшін бағасы |
| **Бюджет сегменті** | **324,2** | **109,8** | **2952,9** | **288,7** | **115,5** | **2500,4** |
| *Стационар* | *151,6* | *81,6* | *1858,1* | *142,1* | *87,4* | *1626,9* |
| *АДҚ* | *172,6* | *28,2* | *6120,2* | *146,6* | *28,1* | *5215,9* |
| **Бөлшек сегменті** | **457,7** | **534,7** | **856,0** | **402,7** | **536,4** | **750,8** |
| **ЖИЫНЫ ҚР ФАРМНАРЫҒЫ 2022 ж. 11 ай** | **781,9** | **644,5** | **1213,2** | **691,4** | **651,8** | **1060,7** |

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## *ДЗ мен МБ сатып алу жағдайы*




Бірыңғай дистрибьютордың Тізімі ҚР ДСМ 2021 жылғы 24 тамыздағы №ҚР ДСМ-88 бұйрығымен бекітілген.

Бірыңғай дистрибьютор Тізімінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың **1 762** атауы бар.

АМЖЖ деңгейінде **терапияның сабақтастығын** қамтамасыз ету үшін 2021 жылдан бастап **амбулаториялық деңгейде емделетін пациенттерге арналған барлық дәрі-дәрмектер стационарлар үшін енгізілген**. Сонымен қатар, ДЗ мен МБ-ның 121 атауы бойынша медициналық ұйымдарда 2022 жылға қажеттілік жоқ. Осылайша, стационарлық көмек шеңберінде медициналық ұйымдар 177,8 млрд. теңге сомасына 1541 ДЗ мен МБ-ға, ал амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шеңберінде 196,4 млрд. теңге сомасына 611 атауға қажеттілік мәлімдеді.

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың **1587** атауы сатып алынды.

ДЗ, МБ 1 587 атауын сатып алу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылды:

1) ***екі кезеңді тендер*** – 563 атау;

2) ***бір көзден алу*** – 160 атау, оның ішінде:

3) ***өндірушілермен тікелей келісімшарттар бойынша*** – 142 атау;

4) ***халықаралық ұйымдар арқылы*** (ЮНИСЕФ, БҰҰДБ, СТОП-ТБ) – 18 атауы;

5) ***сатып алудың ерекше тәртібі*** (ҰМШ-ға қосымша келісімдер) – 847 атау;

** - ауыспалы қалдықтың болуына байланысты сатып алудан алынды – 17 атау.*

Әлеуетті өнім берушілерден ұсыныстардың болмауына байланысты (сатып алмаудың ықтимал себептері: Қазақстанда тіркеудің болмауы, өндірістен алыну, шағын көлем, төмен баға) екі кезеңді тендер шеңберінде бірнеше рет жарияланған ДЗ мен МБ-ның 54 атауы сатып алынған жоқ. Бұл ретте, сатып алынбаған позициялар бойынша көрсетілімдер, мөлшерлемелер, дәрілік нысандар бойынша шығарылған басқа да аналогтар сатып алынды.

Сатып алу қорытындысы бойынша үнемдеу шамамен 30 млрд. теңгені құрады.

Осылайша, 2022 жылына мәлімделген қажеттіліктен ДЗ, МБ 97%, яғни 385,89 млрд.теңгеден астам сомаға ДЗ, МБ-ның 1587 атауын сатып алу жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, ҚР ДСМ тапсырмасымен БД тізбесіне кірмейтін 11,93 млрд. теңге сомасына ДЗ мен МБ-ның 11 атауы сатып алынды.

1 587 атаудың 952-сі дәрілік препараттар, 67-і медициналық бұйымдар сатып алынды. Сатып алынған 952 дәрілік препараттың 328 атауының (34,4%) Қазақстан Республикасында тіркелген аналогтары жоқ (бірегей препараттар).

Сонымен қатар, генерикалық препараттың құрамында бірегей зат сияқты белсенді зат бар, бірақ көмекші заттармен, дәрі-дәрмектің формасымен, өндіріс технологиясымен және т.б. ерекшеленуі мүмкін. Қазірдің өзінде АҚШ немесе Швеция сияқты өркендеген елдерде генериктер түпнұсқадан гөрі жиі сатып алынады.

**Генериктердің негізгі артықшылықтары:**

- генериктердің бағасы түпнұсқалық препараттардың бағасынан айтарлықтай төмен, ал бұл олардың халықтың барлық санаттарына қолжетімді екенін білдіреді (халықаралық ұсынымдар бойынша генериктің құны түпнұсқалық препарат бағасының 70%-ынан аспауы тиіс);
- генериктер дәрігерлерге қымбат түпнұсқалық препараттардың ең заманауи генериктерін қолдана отырып, «барлығын жақсы емдеуге» тырысады;
- генериктер тиімділік пен қауіпсіздік тұрғысынан жақсы зерттелген, дәрігер мен пациентке таңдау жасауға мүмкіндік береді;
- нарықтағы генериктердің «қысымы» түпнұсқалық препараттар шығаратын компанияларды жаңа перспективалық әзірлемелерді белсенді енгізуге мәжбүрлейтін факторлардың бірі болып табылады. Бұдан басқа, генерикалық аналогтар құнының төмендеуі ынталандырылады.

Әрбір түпнұсқалық дәрі-дәрмектің генеригі бар. Ерекшеліктер жаңадан құрылған препараттар, әлі күнге дейін патенттік қорғауда, қатерлі ісік пен ЖИТС-ді емдеуге

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

арналған бірегей препараттар, мұнда кез-келген қосымша ингредиент маңызды болып табылады.

Осылайша, түпнұсқалық препараттың генериктен айырмашылығы бұл бағасы. Бірақ ол тиімділігі мен пациентке жаққаны бойынша үлкен дәлелдер базасымен негізделген.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта бірлесіп төлеу тетігі енгізілуде, ол пациенттерге түпнұсқа мен генериктің бағасы арасындағы құнның айырмашылығын төлей отырып, бірегей препараттарды алуға мүмкіндік береді.

Бірыңғай дистрибьютор өнім берушілерге қойылатын талаптарды арттыру жолымен қазақстандық медициналық мекемелер қамтамасыз ететін **дәрі-дәрмектердің сапасы мен қауіпсіздігінің** мәселелерін, **«сары карточкалар»** сияқты кері байланыс құралдарын пайдалана отырып, басымдыққа қояды.

СҚ-Фармация дәрі-дәрмектердің сапасын тиімді бақылау және тиісті шаралар қабылдау үшін карт-хабарламаларды толтыру және жіберу процесін толығымен автоматтандыруды ұсынады. Медициналық бұйымдар бойынша сипаттамалар бөлігінде ұзақ мерзімді шарттарға өзгерістер енгізу тетігін пысықтау және ұзақ мерзімді шарттардағы позициялардың қайталануын болдырмау үшін номенклатураны талдауға жауапты құрылымдық бөлімшені айқындау.

2010 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде жергілікті коммерциялық дистрибьюторлардан сатып алу үлесінің төмендеуі, тікелей шарттар бойынша (оның ішінде халықаралық ұйымдар (ЮНИСЕФ, БҰҰДБ)) және отандық өндірушілерден сатып алу үлесінің ұлғаюы байқалады.

**2010 – 2022 ж. БД сатып алу динамикасы (млрд.тг.)**




Бірыңғай дистрибьютор жұмысының нәтижесінде 2009 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде 2 трлн. теңге немесе $6,5 млрд. астам сомаға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар орталықтандырылып сатып алынды.

Бірыңғай дистрибьютор жұмысының соңғы үш жылының қорытындысы бойынша сатып алу құрылымында отандық, сол сияқты шетелдік өндірушілермен, оның ішінде ЮНИСЕФ, БҰҰДБ және СТОП-ТБ сияқты халықаралық ұйымдармен тікелей шарттардың үлесі артты.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Медициналық препараттарды Біріккен Ұлттар ұйымы (ЮНИСЕФ, БҰҰДБ, СТОП-ТБ) құрған халықаралық ұйымдар арқылы сатып алу Қазақстан бөлетін қаражатты едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді. Дәрі-дәрмектердің аз мөлшерін сатып алған кезде де ЮНИСЕФ, БҰҰДБ және СТОП-ТБ сенімді жеткізушілермен жасалған жаһандық корпоративтік шарттар шеңберінде ірі сатып алу үшін берілген жеңілдіктерді пайдалана алады. Осының арқасында 2018-2021 жылдары Қазақстан Үкіметі шамамен 30 млн. АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар, ЮНИСЕФ арқылы сатып алу ерекше препараттардың бағасын төмендету есебінен АИТВ-мен ауыратын науқастарды қамтуды 6 мыңнан 18 мың адамға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді, бұл ел бойынша АИТВ жұқтырған науқастарды 85-90% тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

БҰҰДБ арқылы сатып алу – бұл С Гепатитімен ауыратын науқастарды 4 мыңнан 18 мың адамға дейін қамтуды ұлғайту. БҰҰДБ арқасында дәрілердің сатып алу құны 10 есе төмендеді, бұл пациенттерді «С» гепатитіне қарсы вирусқа қарсы терапиямен қамтуды едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Мысалы, егер БҰҰДБ-мен ынтымақтастыққа дейін 7 жыл ішінде, 2011 жылдан 2018 жылға дейін барлығы 6,5 мың адам емделді. 2018 жылдан бастап препараттар құнының төмендеуіне байланысты тегін ем қабылдайтын пациенттер саны 28 мыңға дейін өсті.

2022 жылында ең көп сұранысқа ие он препараттың жиынтық үлесі «СҚ-Фармация» ЖШС өңірлердің медициналық ұйымдарына стационарлық және амбулаториялық деңгейде жөнелткен жалпы көлемнің 17%-ын құрады.

**ТОП-10 ДЗ Саудалық атаулары**

| № | Саудалық атауы | 2021 ж., млн.тг. | 2022 ж., млн.тг. | 2021 ж. қарай өсу. | үлес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Гексаксим® | 9 454,63 | 10 014,63 | 6% | 3% |
| 2 | Превенар 13® | 9 954,46 | 9 727,03 | -2% | 2% |
| 3 | Пентаксим | 4 837,86 | 8 013,33 | 66% | 2% |
| 4 | Китруда | 4 410,15 | 7 530,25 | 71% | 2% |
| 5 | Симпони® | 4 540,12 | 6 357,35 | 40% | 2% |
| 6 | Имбрувика® | 3 819,84 | 5 615,30 | 47% | 1% |
| 7 | Герцептин | 5 265,91 | 5 564,48 | 6% | 1% |
| 8 | Револейд™ | 2 750,01 | 5 389,88 | 96% | 1% |
| 9 | Иммунат | 2 781,29 | 5 225,20 | 88% | 1% |
| 10 | Вакцина против SARS-CoV-2 (Sinopharm) | 15 468,39 | 5 214,96 | -66% | 1% |
| | **ТОП-10** | | **68 652,40** | | **17%** |
| | **МҰ-ға барлық жөнелтілген** | | **397 821,52** | | |

2022 жылдың қорытындысы бойынша жөнелту нәтижелері бойынша ТОП-10-да бірінші орында дифтерияға, сіреспеге, көкжөтелге, В гепатитіне, полиомиелитке және

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

гемофильді Haemophilus influenzae типті конъюгацияланған Санофи өндірісіне қарсы көп компонентті гексаксим (адсорбцияланған) вакцинасы.

Тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша Бірыңғай дистрибьюторды жөнелту қорытындысы бойынша екінші орынды Превенар 13, пневмококкты конъюгацияланған адсорбцияланған инактивацияланған полисахаридті, Пфайзер өндірілген сұйық вакцинасы.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Бірыңғай дистрибьютор 397,8 млрд.теңге сомасына ДЗ мен МБ нақты сатып алды., бұл ретте 46% (181,9 млрд.тг.) жергілікті дистрибьюторлар арқылы жеткізіледі, он ірі дистрибьютордың жиынтық үлесі «СҚ-Фармация» ЖШС сатып алудың жалпы көлемінің 37%-ын құрады.

**Дистрибьюторлар арасында ТОП-10 ірі өнім берушілер**

| № | Өнім беруші | 2021 ж., млн.тг. | 2022 ж., млн.тг. | 2021 ж. қарай өсу | Барлық сатып алудан үлес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ТОО " КФК Медсервис Плюс" | 23 293,67 | 31 870,91 | 37% | 8% |
| 2 | ТОО "Ак Ниет" | 21 713,76 | 25 121,69 | 16% | 6% |
| 3 | ТОО "СТОФАРМ" | 15 889,80 | 22 736,38 | 43% | 6% |
| 4 | ТОО "KNYAZ PHARMA LTD" | | 20 651,17 | | 5% |
| 5 | ТОО "Р-Фарм Казахстан" | 6 173,37 | 11 911,68 | 93% | 3% |
| 6 | ТОО "INKAR" | 14 937,49 | 11 034,89 | -26% | 3% |
| 7 | ТОО "ОАД-27" | 4 540,41 | 6 484,89 | 43% | 2% |
| 8 | ТОО "Такеда Казахстан" | | 5 543,24 | | 1% |
| 9 | ТОО "Санофи-авентис Казахстан" | 6 418,42 | 5 464,23 | -15% | 1% |
| 10 | ТОО "НПО "ЗЕРДЕ" | 1 926,09 | 5 216,87 | 171% | 1% |
| | **ТОП-10** | | **146 035,94** | | **37%** |
| | **ДИСТРИБЬЮТОРЛАРДАН БАРЛЫҚ САТЫП АЛУ** | | **181 904,63** | | **46%** |
| | **БАРЛЫҚ САТЫП АЛУ** | | **397 821,52** | | |

2022 жылдың қорытындысы бойынша он ірі өндірушінің үлесі «СҚ-Фармация» ЖШС жалпы сатып алуының 41%-ын құрады, онда екі ОТӨ Нобел АҚ мен Химфарм АҚ-ны басып озып, Санофи көшбасшы болып шықты.

**ТОП-10 ірі өндірушілер**

| № | Өндіруші | 2021ж., млн.тг. | 2022 ж., млн.тг. | 2021 ж. қарай өсу | үлес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Санофи | 19 578,53 | 25 092,67 | 28% | 6% |
| 2 | Нобел | 19 791,25 | 22 066,83 | 11% | 6% |
| 3 | Химфарм | 18 528,15 | 18 676,55 | 1% | 5% |
| 4 | Пфайзер | 33 219,70 | 15 768,61 | -53% | 4% |
| 5 | Бакстер | 9 875,80 | 14 697,97 | 49% | 4% |
| 6 | Веттер Фарма | 10 205,48 | 14 203,37 | 39% | 4% |

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | КФК | 71 342,56 | 13 617,14 | -81% | 3% |
| 8 | Силаг АГ | 7 484,08 | 13 107,51 | 75% | 3% |
| 9 | РОШ | 10 404,80 | 13 102,68 | 26% | 3% |
| 10 | Глаксо | 10 316,59 | 12 020,90 | 17% | 3% |
| | **ТОП-10** | | **162 354,22** | | **41%** |
| | **Барлығы** | | **397 821,52** | | |

Сатып алу қорытындысы бойынша сатып алудың жалпы көлеміндегі үлес мөлшері бойынша **1-орын отандық өнімге** тиесілі болды, **2-орынды** тапсырыс берушілер **неміс өнімін** сатып алды. Сатып алу қорытындысы бойынша ТОП-10 елдің үлесі жалпы көлемнің 84%-ын құрады.

**Сатып алу қорытындысы бойынша ТОП-10 ел**

| № | Ел | 2021 ж., млн.тг. | 2022 ж., млн.тг. | 2021 ж. қарай өсу | сомасы бойынша үлесі | ДЗ және МБ саны | саны бойынша үлес |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Казахстан | 178 876,93 | 131 414,97 | -27% | 33% | 943 | 59% |
| 2 | Германия | 41 584,43 | 51 042,16 | 23% | 13% | 124 | 8% |
| 3 | Швейцария | 21 902,14 | 29 132,24 | 33% | 7% | 32 | 2% |
| 4 | Франция | 21 288,80 | 25 533,96 | 20% | 6% | 39 | 2% |
| 5 | Ирландия | 16 986,45 | 20 567,88 | 21% | 5% | 18 | 1% |
| 6 | Италия | 15 381,84 | 20 317,44 | 32% | 5% | 31 | 2% |
| 7 | АҚШ | 14 406,53 | 18 408,74 | 28% | 5% | 27 | 2% |
| 8 | Үндістан | 11 130,96 | 13 147,53 | 18% | 3% | 128 | 8% |
| 9 | Ұлыбритания | 9 825,62 | 11 809,45 | 20% | 3% | 26 | 2% |
| 10 | Қытай | 26 545,91 | 11 575,10 | -56% | 3% | 30 | 2% |
| | **ТОП-10** | | **332 949,47** | | **84%** | **1392** | **87%** |
| | **БАРЛЫҒЫ** | | **397 821,52** | | | **1597*** | |

** - бірлік тізбесі бойынша 1587 атауы ДЗ және МБ сатып алынды, ҚР ДСМ тапсырмасы бойынша 10 ДЗ және МБ атауы*

Сонымен қатар, Бірыңғай дистрибьютор 2022 жылға арналған өз қаражаты есебінен пилоттық жобада медициналық ұйымдар мәлімдеген жылдық көлемнен 25% көлемінде 29,1 млрд. теңге сомасына ДЗ мен МБ-ның 501 атауы бойынша төмендетілмейтін қор қалыптастырды.

Осылайша, Бірыңғай дистрибуция ТМККК шеңберінде фармацевтикалық өнім бағасының өсуін тежеп, жергілікті коммерциялық дистрибьюторлар түріндегі делдалдардың үлесін азайта отырып, орталықтандырылған сатып алу есебінен тәуекелдерді барынша азайту құралы ретінде өзін толық көлемде ақтады.

БД құрылған сәттен бастап ТМККК шеңберінде дәрілік қамтамасыз етуге бөлінген қаражаттың жалпы үнемделуі 192,9 млрд. теңгені құрады. Қаражатты үнемдеудің ұлғаю

үрдісі байқалады, 2010 жылмен салыстырғанда 2022 жылдың үнемделген қаражат көлемі абсолюттік мәнде 5,2 есе өсті.




Осылайша, үнемдеу сатып алуды орталықтандыру және барлық өңірлерден қажеттілік көлемін шоғырландыру арқылы қол жеткізіледі. Бүкіл республика үшін көлем орталықтандырылған түрде сатып алынған кезде өнім берушілер бағаның айтарлықтай төмендетеді. Міне, бөлінген бюджет пен іс жүзінде пайдаланылған сома арасындағы айырмашылық үнемдеуді құрайды. Босатылған айырмашылықты медициналық ұйымдар дәрі-дәрмектердің қосымша көлемін сатып алуға пайдаланады, осылайша халықтың дәрі-дәрмектерге қол жетімділігі мен халықты онымен қамтуды арттырады.

## *ДЗ мен МБ-ны медициналық ұйымдарға жөнелту*

2022 жылдың басынан бастап Бірыңғай дистрибьютор мәлімделген көлемге сәйкес медициналық ұйымдарға амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде ДЗ мен МБ жөнелту рәсімін бастады. Бірыңғай дистрибьютор 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АДҚ шеңберінде 200,6 млрд. теңгеден астам сомаға ДЗ мен МБ жөнелтті, оның ішінде бірлік тізімінен тыс 1 ДЗ атауы (Этанерцепт) сомасы 0,14 млрд. теңге. Бұл ретте медициналық ұйымдар «Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету» ақпараттық жүйесінде 200,6 млрд. теңге сомасына рецептілерді қамтамасыз етті (*ТМККК шеңберінде – 123,5 млрд.тг, МӘМС шеңберінде – 77,1 млрд. тг.*)

Бірыңғай дистрибьютор 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стационар шеңберінде 197,3 млрд. теңгеден астам сомаға ДЗ мен МБ жөнелтті, сонымен бірге БД тізімінен тыс 11,78 млрд. теңге сомаға ДЗ тиеді.

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

| | Өңірлер ҚР ДСМ алдын ала бағасы бойынша мәлімдеген | Қосымша көлеммен жеткізу бағасы бойынша сатып алынғаны | МҰ-ға жөнелтілді | ДҚАЖ-да қамтамасыз етілген |
|---|---|---|---|---|
| | 1641 ДЗ мен МБ | 1587 ДЗ мен МБ | 1597*ДЗ мен МБ | 590 *ДЗ мен МБ |
| АДҚ | 196,4 млрд.тг. | 200,4 млрд.тг. | 200,6 млрд.тг.* | 200,6 млрд.тг.* ТМККК 123,5 млрд.тг. МӘМС 77,1 млрд.тг. |
| СТАЦИОНАР | 177,8 млрд.тг. | 185,5 млрд.тг. | 197,3 млрд.тг.* | |

* - оның ішінде 11,93 млрд.теңге сомасына 10 ДЗ және МБ бірліктерінің тізімінен тыс., (АДҚ - 1 сомасы 0,14 млрд. теңгеге ДЗ атауы.)

## *Бірыңғай дистрибьютор қызметінің шеңберінде амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету*

Бірыңғай дистрибьютор 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық амбулаториялық тізбені орталықтандырылған сатып алуды жүргізеді. Бірыңғай дистрибьютор деңгейінде барлық амбулаториялық тізбені орталықтандырылған сатып алу 2018 жылы ел бюджетін 23,4 млрд. теңге мөлшерінде үнемдеуге мүмкіндік берді.

Жыл сайын мемлекет амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуге қаржыландыруды ұлғайтады, нозологиялар мен халықты қамту ұлғаюда.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда МӘМС жүйесі енгізілді, бұл қосымша 105 нозологияны қамтуға мүмкіндік берді.

Осылайша, ТМККК және МӘМС шеңберінде нозологияларды қамтуды **45**-тен **131** нозологияға дейін **3** есеге **кеңейтуге қол жеткізілді**.

Амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде дәрілік қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ – 75 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған ДЗ мен МБ Тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

**ТОП-10 нозологияны** емдеуге арналған шығыстар **147,1 млрд. теңгені** немесе амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуге бөлінген бюджет қаражаты шеңберінде дәрілік қамтамасыз етуге арналған жалпы шығынның 73%-ын **құрайды**.

**Шығыстар сомасы бойынша ТОП 10 нозология**

| № | Жол атаулары | ТМККК/ МӘМС белгісі | 2021 ж, млн.тг. | 2022 ж., млн.тг. | 2021 ж. қарай өсу | үлес |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қант диабеті | ТМККК / , МӘМС | 31 300,28 | 38 554,56 | 23% | 19% |
| 2 | Онкологиялық аурулар | ТМККК / , МӘМС | 23 884,69 | 28 215,03 | 18% | 14% |
| 3 | Миелодисплатикалық синдромдарды қоса алғанда, лимфалық, қан өндіру және солар тектес тіндердің қатерлі ісіктері | ТМККК / , МӘМС | 11 045,99 | 19 850,25 | 80% | 10% |
| 4 | Қан ұю факторларының тұқым қуалайтын тапшылығы | ТМККК | 9 779,42 | 13 893,99 | 42% | 7% |
| 5 | Артериальная гипертензия | ТМККК / , МӘМС | 12 482,18 | 13 003,44 | 4% | 6% |
| 6 | Мукополисахаридоз | ГОБМП | 8 206,52 | 9 190,57 | 12% | 5% |
| 7 | Ревматоидтық артрит | ТМККК / , МӘМС | 6 801,31 | 8 616,45 | 27% | 4% |
| 8 | Психикалық аурулар | ТМККК / , МӘМС | 5 400,23 | 6 371,98 | 18% | 3% |
| 9 | Рассеянный склероз | ТМККК | 4 443,77 | 4 744,37 | 7% | 2% |
| 10 | Жұлынның бұлшықет атрофиясы | ТМККК | | 4 686,72 | | 2% |
| | **ТОП-10** | | | **147 127,36** | | **73%** |
| | **БАРЛЫҒЫ** | | | **200 558,36** | | |

Бұл ретте ТОП 10 нозология науқастар саны бойынша ТОП 10 нозологиядан шығыстар сомасы бойынша ерекшеленеді және амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде тегін дәрілік заттармен қамтамасыз етілген барлық науқастардың 83%-ын құрайды.

**ТОП 10 нозологий по количеству больных***

| № | Нозология | ТМККК / МӘМС белгісі | 2021 ж. қамтамасыз етілген пациенттер саны | 2022 ж қамтамасыз етілген пациенттер саны | 2021 ж. қарай өсу | үлес |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Артериялық гипертензия | ТМККК / , МӘМС | 1 098 208 | 1 423 423 | 30% | 35% |
| 2 | Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) | ТМККК / , МӘМС | 416 311 | 564 522 | 36% | 14% |
| 3 | Қант диабеті | ТМККК / , МӘМС | 362 301 | 505 642 | 40% | 13% |
| 4 | Төменгі тыныс жолдарының респираторлық жіті жұқпасы | МӘМС | 301 154 | 241 856 | -20% | 6% |

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Гипотиреоз / Гипертиреоз / Гипопаратиреоз | ТМККК / , МӘМС | 110 061 | 139 953 | 27% | 3% |
| 6 | Жоғары тыныс жолдарының респираторлық жіті жұқпасы | МӘМС | 138 140 | 118 354 | -14% | 3% |
| 7 | Созылмалы жүрек функциясының жеткіліксіздігі | ТМККК / , МӘМС | 77 744 | 101 442 | 30% | 3% |
| 8 | Бронх демікпесі | ТМККК / , МӘМС | 79 499 | 98 480 | 24% | 2% |
| 9 | Эпилепсия | ТМККК / , МӘМС | 61 288 | 81 810 | 33% | 2% |
| 10 | Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы | ТМККК / , МӘМС | 66 159 | 80 324 | 21% | 2% |
| | **ТОП - 10** | | | **3 355 806** | | **83%** |
| | **ВСЕГО** | | | **4 038 896** | | |

** - бірегей пациенттердің саны төлем түрін (ТМККК/МӘМС), ҚР аумағын және нозологияны ескере отырып есептелді.*

Осылайша, 2022 жылында 4,03 млн. пациентке 200,6 млрд. теңгеден астам сомаға 15,29 млн. астам рецепт жазылды. бұл орташа есеппен **күн сайын 42 мыңға жуық рецепт жазылып, дәрі-дәрмек босатылатындығын көрсетеді.**

2022 жылдында тегін дәрі-дәрмектермен **4 млн 038 мыңнан астам халық** қамтылды, оның ішінде 2 439,28 мыңы енгізілген МӘМС жүйесінің шеңберінде.

## *Отандық тауар өндірушілерді қолдау*

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 248-бабының 4-тармақшасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу қағидаттарының бірі отандық тауар өндірушілерді қолдау болып табылады. Осы қағидатты іске асыру үшін 375 Сатып алу қағидаларында Бірыңғай дистрибьютор жүйесінде өздері өндіретін өнімді сатып алу бойынша отандық фармацевтикалық өндірісті қолдау үшін 5-тарау көзделген.

ДЗ мен МБ сатып алуда отандық өндірушілерге тендерлік рәсімдерде артықшылықтар беріледі, егер отандық өндірушінің тендерге қатысуы кезінде өзге өнім берушілердің өтінімдері қаралмаса. 375 Сатып алу қағидаларында 10 жыл мерзімге отандық өнімді берудің ұзақ мерзімді шарттарын жасасу мүмкіндігі көзделген. Бұл дерек отандық кәсіпорындарға өзінің фармацевтикалық өндірісін дамыту үшін қуатты ынталандыру мен берік тұғырнама береді.

Отандық тауар өндірушілерді және кәсіпкерлік бастаманы қолдау - Бірыңғай дистрибьютор қызметінің басты бағыттарының бірі.

2009-2022 жылдар кезеңінде Бірыңғай дистрибьюторды сатып алуда қазақстандық препараттар үлесінің жоспарлы өсуі байқалады. Отандық препараттардың басым бөлігі ОТӨ-мен 10 жылға ұзақ мерзімді шарттар жасасу арқылы сатып алынады.

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Егер 2010 жылы отандық өндірушілердің ақшалай мәндегі үлесі 15%-ды (4,8 млрд. теңге сомасына) құраса, 2022 жылының қорытындысы бойынша ақшалай мәндегі сатып алу үлесі 2,2 есеге өсіп, 33%-ды құрады (131,41 млрд. теңге сомасына).

**2010 – 2022 жылдар кезеңінде ОТӨ-ден БД сатып алу серпіні**




**2020 – 2022 жж. ҰМШ шеңберінде ОТӨ-ден БД сатып алу серпіні**




2022 жылы сатып алынған ДЗ, МБ ОТӨ-ден 85% (112,15 млрд. теңге) ұзақ мерзімді шарттар арқылы сатып алынды.

**АТХ топтары бөлінісінде атауларды ОТӨ-нің жабуы**

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ




2022 жылындағы АТХ бөлінісінде (оның ішінде МБ) ОТӨ-нің жабуын талдау (жөнелту дерегі + АДҚ қамтамасыз ету) мынаны көрсетті:

- ОТӨ-нің 50%-дан астамы 3 топта жабылады:

- **медициналық бұйымдар:** Қазақстан өндіретін БД тізбесі бойынша сатып алынатын 621 атаудың 599-сі;

- **жүрек-қантамыр жүйесіне әсер ететін дәрі-дәрмектер**: Қазақстан өндіретін БД тізбесі бойынша сатып алынатын 82 атаудың 48-сі;

- **дерматологиялық құралдар**: Қазақстан өндіретін БД тізбесі бойынша сатып алынатын 17 атаудың 9-ы.

- ОТӨ-нің 15 тобының 10-ында БД тізбесі бойынша сатып алынатын ДЗ атауларының 30%-дан астамы өндіріледі.

Осылайша, ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің тапсырмасын іске асыру үшін ОТӨ-мен 50%-ын жабуға сапалы қол жеткізу үшін ОТӨ-нің 30%-дан кем ДЗ атауларының үлесі бар 5 топтан тұратын ДЗ-ны оқшаулау туралы мәселені қарау қажет.

Елдегі фармацевтикалық өндірістің ағымдағы жағдайын жеткілікті деп санауға болмайды: оның көлемі елдің дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілігінің тек 24%-ын ғана қамтамасыз етеді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы дәрілік заттарды өндіруге арналған технологиялар мен компоненттерге де, сондай-ақ фармацевтикалық препараттар мен субстанциялардың кең ауқымына да қатысты импортқа тәуелді болып қала береді.

Бүгінгі күні **37 отандық тауар өндірушілермен** дәрілік заттардың 788 атауын және 3 912 медициналық бұйымдарды жеткізуге жасалған **101 ұзақ мерзімді шарт** қолданыста, оның ішінде 47 ДЗ-ға және 54 МБ-ға ұзақ мерзімді шарттар жасалды.

Алайда, ҰМШ іске асыру кестесі бойынша ДЗ-ны уақтылы жеткізу бөлігінде **инвестициялық жобалардың игерілмеуі байқалады**:

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

**Мысалы, 2022 жылға ҰМШ шеңберінде** 788 ДЗ-дан **326 ДЗ (41%)** беріледі. Бұл ретте 293 ДЗ бойынша ҰМШ жүзеге асырылған жоқ (169 ДЗ кесте бойынша жеткізілмейді).

Медициналық бұйымдар бойынша ҰМШ іске асыру пайызы небәрі 9%-ды құрайды, яғни 334 МБ 2022 жылға арналған ҰМШ шеңберінде МБ 3 912 атауынан жеткізіледі. Бұл ретте 3 024 МБ бойынша ҰМШ жүзеге асырылған жоқ (554 МБ кесте бойынша жеткізілмейді).

Осылайша, саланың мынадай проблемалары бар:




1. ҰМШ шеңберінде атаулардың 80%-дан астамы МБ-ға жасалды;
2. 96 ҰМШ-дан 13 ҰМШ ғана жүзеге асырылды;
3. Қазақстанның ғылыми қоғамдастығы арасында өндірушілермен өзара іс-қимылдың болмауы;
4. Фармацевтика саласындағы ғылыми-зерттеу, білім беру әлеуетінің, сондай-ақ оларды қаржыландыру деңгейінің төмен болуы;
5. Субстанциялар мен бірегей препараттар өндірісінің болмауы;
6. ОТӨ портфелі тиімділігі төмен генерикалық препараттармен ұсынылған.

**2025 жылға қарай 50% көрсеткішке қол жеткізу үшін:**

1. Екпінді ҰМШ-дағы МБ-дан ДЗ-ға аудару;
2. БД-мен жасалған ҰМШ жобаларын іске асыру;
3. R&D орталықтарын ашу;
4. ҰМШ жасау мақсатында бірегей препараттарды оқшаулау;
5. Қымбат инновациялық препараттарға ҰМШ жасау.

**Жаһандық фармацевтикалық компаниялардың отандық нарыққа кіруін жеңілдету** және елде бірегей дәрілік препараттар өндірісін оқшаулау мақсатында Бірыңғай дистрибьютор **келісімшарттық өндірістің тапсырыс берушілерімен ұзақ мерзімді шарттар жасасу тетіктерін жетілдіру** бойынша жұмыс жүргізді. Ұсынылып отырған өзгерістер ҚР аумағында патенттік қорғаудағы бірегей ДЗ мен МБ ғана оқшаулау мүмкіндігін беруді қамтиды. Өзгерістер мен толықтыруларды талқылау шеңберінде құрамында бизнес, қауымдастықтардың өкілдері, СҚ-Фармация, ДЗСҰО, ҚРДСМ қызметкерлері бар жұмыс тобы құрылды.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі F. Hoffmann-La Roche Ltd. және Novo Nordisk сияқты жаһандық фармкомпаниялармен ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімдер жасасты. AstraZeneca UK LTD., Bayer AG, Takeda Pharmaceutical компанияларымен ынтымақтастық және оқшаулауға дайындық туралы келісімге қол қою пысықталуда. Мемлекет Басшысының жақында АҚШ-қа жасаған сапары аясында Pfaizer компаниясы мен Қазақинвест арасында бірыңғай дистрибьюторды пысықтау қорытындысы бойынша балалар мен ересектерді пневмококк инфекциясынан қорғау үшін Қазақстанда вакцина өндірісін оқшаулау туралы келісімге қол қойылды. Сондай-ақ, оңтүстік кореялық компаниялармен ынтымақтастық белсенді

түрде пысықталуда және бүгінгі күні біздің жұмысымыздың қорытындысы бойынша отандық өндірушілер мен ірі кореялық фармкомпаниялар арасында өндірісті оқшаулау және озық технологиялар трансфері туралы алты меморандумға қол қойылды.

## *Медициналық фармацевтикалық кластерлерді дамыту*

Фармацевтика өнеркәсібін дамытудың 2025 жылға дейінгі Үкімет қабылдаған кешенді жоспарының негізгі бағыттарының бірі фармацевтика ғылымын дамыту және әлемдік ойыншылардың қатысуымен жаңа өндірістер ашу болып табылады.

Осыған байланысты отандық ғылыми-зерттеу институттарын, ғылыми зертханаларды, ірі медициналық жоғары оқу орындарын, отандық өндірістік алаңдарды тарту арқылы фармацевтикалық кластерлерді құру, инвестициялық жобаларды қолдау институттарын, жергілікті атқарушы органдарды тарту, сондай-ақ R&D орталықтарының типі бойынша еркін экономикалық және индустриялық аймақтарда кластерлерді орналастыру орынды болып көрінеді. Бұдан басқа, медициналық жабдықтар мен шығын материалдарын өндіру белсенді дамитын болады.

Ел Президенті отандық өндірушілермен оффтейк-келісімшарттардың көлемі мен номенклатурасын кеңейтуді тапсырды. Бұл салалар инвестициялар үшін ашық және мұндай жобалар мемлекет тарапынан толық қолдауға ие болады.

Қазіргі уақытта Ақтөбе, Астана және Шымкент қалаларында 3 кластерлік аймақ қарастырылуда.




Бірыңғай дистрибьютор Оңтүстік Кореяның Денсаулық сақтау Индустриясын Дамыту Институтының көмегімен Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасында медициналық-фармацевтикалық кластерлерді құру және әзірлеу шеңберінде ынтымақтастық мәселелері бойынша ірі кореялық фармацевтикалық кластерлермен дөңгелек үстел өткізді. Өткізілген дөңгелек үстелдің нәтижелері бойынша Бірыңғай дистрибьютор қымбат тұратын инновациялық өнімдер өндірісін дамыту, саланы технологиялар трансфері, оны цифрландыру бағытында ілгерілету жөнінде ұсыныстар әзірледі.

27-30 маусымнан бастап қазақстандық делегация Оңтүстік Кореяның медициналық фармацевтикалық кластерлерінің және медициналық техника өндірісінің жобаларын пысықтау және жұмысын зерттеу үшін жұмыс сапарымен Оңтүстік Кореяға барды.

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жұмыс сапарын ҚР Вице-Премьері Р. Скляр мен ҚР Денсаулық сақтау министрі А.Ғинияттың тапсырмасымен Оңтүстік Кореяның Денсаулық сақтау Индустриясын Дамыту Институты - Korean Health Industry Development Institute (KHIDI) және ҚР Кореядағы Елшілігінің қолдауымен «СҚ-Фармация» Бірыңғай дистрибьюторы ұйымдастырды.



Қазақстандық делегация құрамына Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының, Оңтүстік Қазақстанның фармацевтикалық кластерінің, «СҚ-Фармация ЖШС, «Ordamed» АҚ, «Dolce-Pharm» брендімен «Dolce» Компаниялар тобының өкілдері кірді.

Сапар барысында қазақстандық делегация Сонгдо мен Технодолин Вончжудың ірі корей медициналық фармацевтикалық кластерлеріне барды.

Қазіргі уақытта KHIDI ғалымдар мен менеджерлер тобы Қазақстан үшін кластерлік инфрақұрылым моделін құру бойынша жұмыс істеуде және оны ағымдағы жылдың қыркүйек айында ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне ұсынуды жоспарлап отыр.

Бұл маңызды стратегиялық бағыт бірден бірнеше әлеуметтік маңызды міндеттерді шешеді. Бұл жаңа жұмыс орындарының ашылу мәселесі, ғылыми базаның деңгейін арттыру, GMP стандарттарына көшу, инновациялық препараттарды жасау, отандық фармацевтика саласын танымал ету және, әрине, кластер салынып жатқан аймақтың экономикалық дамуы. Еліміздің әртүрлі өңірлерінде кластерлер құру төңірегінде қазақстандық компаниялардың күш-жігерін біріктіру және оларды мемлекет тарапынан да, жеке капитал тарапынан да дамытуға инвестициялау импортты алмастыратын өнім өндірісінің өсуін және Қазақстан аумағында фармацевтикалық зауыттар салуға шетелдік компанияларды тартуды қамтамасыз етеді.

## *Бірыңғай дистрибьютор деңгейінде медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру*

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың 2022 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына сәйкес қазіргі уақытта ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «СҚ-Фармация» ЖШС-мен бірлесіп Бірыңғай дистрибьютор базасында медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру бойынша белсенді жұмысы жүргізілуде.

«СҚ-Фармация» ЖШС-нің базасында медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алуды екі кезеңде жүзеге асыру жоспарлануда.

І-кезең – 2022 жыл – медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру (пилоттық жоба);

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ІІ-кезең – 2023 жылдан бастап-оқшаулау/келісімшарттық өндіріс, медициналық техниканың өмірлік келісімшарттар циклінің талаптарында ұзақ мерзімді шарттар жасасу.

| ӨТІНІМДЕР БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНДЫ | САТЫП АЛЫНҒАН МТ | ҮНЕМДЕУ | БОЛҒАН ЖОҚ, ЖАҢА ӨТІНІМДЕР РЕТІНДЕ БЕРІЛДІ | САТЫП АЛУ БОЛҒАН ЖОҚ |
|---|---|---|---|---|
| 221 МТ | 177 МТ | 14% | 13 МТ | 31 МТ |
| 26,44 млрд.тг. | 20,05 млрд.тг. | 3,15 млрд.тг. | 1,02 млрд.тг. | 2,2 млрд.тг. |

Медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алу шеңберінде «СҚ-Фармация» ЖШС-нің базасында **221 бірлік** медициналық техникаға **26 423 199 893 теңге** сомасына **16 тендер** жарияланды. **177 бірлік** медициналық техника сатып алынды: медициналық техниканы сатып алуға бөлінген сома **23,2 млрд. теңге**, аукцион қорытындысы бойынша сатып алу сомасы **20,05 млрд. теңгені** құрады, үнемдеу **3,1 млрд. теңгені – 14%-ды** құрады, оның **99 712 472 теңгесі** бағаны төмендету жөніндегі келіссөздер шеңберінде**.**

**Өңірлер бөлінісінде медициналық техника бойынша ақпарат.**

| № | Атауы | Сатып алу болған жок, МТ. | Сатып алынған МТ, бірлік/теңге | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | МТ жалпы саны, бірлік | Үнемдеу | % |
| 1 | Ақмола облысы | 6 | 18 | 154,54 | 17 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 2 | 9 | 226,21 | 20 |
| 3 | Атырау облысы | 1 | 3 | 4,60 | 1 |
| 4 | Алматы облысы | 0 | 22 | 16,16 | 1 |
| 5 | ШҚО | 1 | 15 | 328,00 | 31 |
| 6 | Алматы қ. | 3 | 26 | 342,88 | 7 |
| 7 | Астана қ. | 2 | 4 | 235,21 | 41,3 |
| 8 | Жамбыл облысы | 0 | 1 | 28,22 | 34,01 |
| 9 | БҚО | 1 | 1 | 23,04 | 57,59 |
| 10 | Қарағанды облысы | 1 | 0 | 0,00 | 0 |
| 11 | Қостанай облысы | 4 | 1 | 11,51 | 31,62 |
| 12 | Қызылорда облысы | 3 | 8 | 208,25 | 18 |
| 13 | Маңғыстау облысы | 0 | 15 | 169,55 | 9 |
| 14 | Павлодар облысы | 1 | 5 | 106,77 | 42,9 |
| 15 | СҚО | 6 | 31 | 602,86 | 19 |
| 16 | Түркістан облысы | 0 | 6 | 582,74 | 26,11 |
| 17 | Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты | 0 | 1 | 37,50 | 9 |

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 17 | Астана қаласындағы Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы | 0 | 2 | 7,94 | 3 |
| 18 | "Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты" АҚ | 0 | 9 | 63,43 | 4,1 |
| | **Барлығы** | **31** | **177** | **3 149,25** | **14%** |

Сатып алудың өткізілмеу себептері:

- тендер өткізу барысында бәсекелес ортаның болмауы;
- өнімді уақтылы жеткізбеу және бөлінген қаражатты игермеу тәуекелдеріне байланысты тапсырыс берушілерден сатып алуға қайталама өтінімдердің болмауы.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## *Қаржылық қызметтің нәтижелері*

Серіктестіктің 2022 жылдағы жалпы табыс көрсеткіші 394,8 млрд. теңгені құрады, оның ішінде:

- ДЗ мен МБ өткізуден түскен табыс 382,9 млрд. теңгені құрады, 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда – 438,8 млрд. теңге, 14,6 %-ға төмендеу байқалады.

- қаржылық табыс - 2,0 млрд. теңге, өткен жылмен салыстырғанда (1,8 млрд. теңге) 11%-ға төмендеді.

- басқа кірістер – 9,9 млрд. теңге, 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда – 15,5 млрд. теңге, 55,2% азайды.

Қаржылық табыстың ұлғаюының себептері екінші деңгейдегі банктердегі депозиттік шоттарда орналастырылатын уақытша бос ақша қаражатының көлемінің қысқа мерзімді ұлғаюы және ТІМ құрамындағы ұлттық және шетел валютасының арақатынасының өзгеруі болып табылады.

Сондай-ақ Серіктестіктің жалпы шығыстарының 2021 жылғы 426,4 млрд. теңгеден 2022 жылы 376,0 млрд. теңгеге дейін төмендеуі байқалады. 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 11,8%-ға төмендеді.

2022 жылдында шығындардың мақсаты бойынша бөліністегі Серіктестіктің жалпы шығыстарының сомасы:

- сатылған өнімнің өзіндік құны 366,4 млрд. теңгені құрады. МӘМС енгізу және коронавирус инфекциясын тарату шеңберінде ДЗ, МБ сатып алу көлемін азайту есебінен өнімнің өзіндік құнын 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда – 418,1 млрд. теңге, 14,1%-ға төмендеді;

- 2022 жылдағы жалпы әкімшілік шығыстар 1.9 млрд. теңгені құрады, 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда – 1,4 млрд. теңге, 26,3% ға ұлғайды;

- 2022 жылында өткізу бойынша шығыстар 7,7 млрд. теңгені құрады, 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда – 6,9 млрд. Теңге, 1,1 есе төмендеді;

31.12.2022 ж. жағдай бойынша дебиторлық берешек сомасы 37,2 млрд. теңгені құрады, оның ішінде медициналық ұйымдардың берешегі 24,8 млрд. теңгені құрады.

## *Ақша ағындарын басқару*

Серіктестік уақытша бос ақшаны басқаруды «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 960 қаулысына, Серіктестіктің Бақылау кеңесі бекіткен ТІМ басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес 31.12.2022 жылға ақша қаражатының қалдығы 20,5 млрд. теңгені, 31.12.2021 жылға 13,6 млрд. теңгені құрады. Ақша ағындарының біркелкі еместігін ескере отырып талдау жүргізу үшін жыл ішінде ақшалай қаражаттың орташа қалдығын есептеу жүргізілді:

**Кезеңдер бойынша ақшалай қаражаттың орташа жылдық қалдығы, млн. тг.**

| Кезең | 2017 ж | 2018 ж | 2019 ж | 2020 ж | 2021 ж | 2022 ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1 қантар** | 29 965 | 32 443 | 12 645 | 20 116 | 14 951 | 13 605 |
| **1 ақпан** | 30 959 | 26 852 | 17 442 | 26 989 | 34 043 | 38 158 |
| **1 наурыз** | 38 384 | 27 067 | 30 676 | 36 583 | 40 729 | 28 088 |
| **1 сәуір** | 45 411 | 34 063 | 24 337 | 30 355 | 30 680 | 30 483 |
| **1 мамыр** | 43 114 | 26 592 | 19 014 | 48 166 | 37 547 | 15 781 |
| **1 маусым** | 38 481 | 26 763 | 13 122 | 34 935 | 21 673 | 8 096 |
| **1 шілде** | 36 517 | 8 684 | 15 586 | 42 430 | 6 911 | 1 623 |
| **1 тамыз** | 26 785 | 756 | 10 005 | 39 992 | 38 386 | 160,1 |
| **1 қыркүйек** | 27 628 | 8 755 | 10 352 | 33 957 | 17 266 | 85,3 |
| **1 қазан** | 25 592 | 19 708 | 5 575 | 29 536 | 18 291 | 35 305 |
| **1 қараша** | 22 893 | 14 965 | 11 276 | 15 880 | 6 057 | 19 023 |
| **1 желтоқсан** | 25 781 | 305 | 10 903 | 5 075 | 11 456 | 14 490 |
| **Жыл соңына** | **32 443** | **12 645** | **20 116** | **14 951** | **13 605** | **20 510** |
| **Орташа** | **32 612** | **18 431** | **15 465** | **29 151** | **22 430** | **17 339** |

Стационарлардан түсетін түсімдер де жыл ішінде біркелкі емес, бұл динамика соңғы үш жыл бойы сақталуда, бұл ретте тапсырыс берушілердің 31.12.2022 жылға арналған дебиторлық берешегі 21,9 млрд. теңгені құрады (31.12.2021 ж. – 29,4 млрд. теңге).



# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ДЗ мен МБ өткізуден түсетін түсімдердің біркелкі еместігі екінші деңгейдегі банктердегі депозиттік және есеп айырысу шоттары бойынша сыйақылардан түсетін табыстың біркелкі еместігіне және төмендеуіне әкеп соқтырды.

2022 жылы кассалық алшақтық үш рет болды: 4 шілде мен 10 тамыз аралығында (38 күн) тереңдігі 58 179,3 млн. теңге, 18 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында (20 күн) тереңдігі 17 633,3 млн. теңге, желтоқсан айында 14-19 желтоқсан аралығында (5 күн) тереңдігі 5 261,1 млн. теңге (барлығы 63 күн, 81 073,7 млн. теңге).

Өнім берушілерге уақтылы төлем жасамау бойынша болжамды тұрақсыздық айыбының сомасы 155,7 млн. теңгені құрайды.

**ЕДБ шоттары бойынша сыйақы динамикасы, мың теңге**

| Кезең | Сыйақы түріндегі кірістер | Депозиттік шоттар бойынша Сальдо |
|---|---|---|
| | KZT | KZT |
| **қантар** | 137 566 | 38 158 315 |
| **ақпан** | 220 684 | 28 088 404 |
| **наурыз** | 301 636 | 30 482 903 |
| **сәуір** | 216 904 | 15 780 772 |
| **мамыр** | 100 732 | 8 096 123 |
| **маусым** | 64 507 | 1 622 534 |
| **шілде** | 592 | 160 078 |
| **тамыз** | 9 913 | 85 334 |
| **қыркүйек** | 308 553 | 35 304 912 |
| **қазан** | 322 182 | 19 022 896 |
| **қараша** | 137 507 | 14 490 154 |
| **желтоқсан** | 79 043 | 20 509 764 |
| **Барлығы** | **1 899 819** | **17 650 182** |

Талдау үшін оң және теріс ақша ағындарының мөлшерінің арақатынасының коэффициенті де есептеледі, бұл ұйымның ақша қаражаттарының ағыны есебінен немесе жылдың басында болған қалдық пен талданатын кезеңдегі ақша ағындарының есебінен ғана ақша қаражаттарының төленуін қамтамасыз ету мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді. 2022 жылы бұл коэффициент 1,05 құрады және өткен жылмен салыстырғанда 0,05 коэффициентке өсті.

2022 жылдың қорытындысы бойынша оң ақша ағыны 68,1 млрд. теңгеге немесе 14,7%-ға азайды. Оң ақша ағынының азаюы 2021 жылы Бірыңғай дистрибьютордың коронавирус инфекциясына қарсы вакциналарды жеткізуіне байланысты болды.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

**Ақша ағындары мөлшерінің арақатынасының коэффициенті, теңгемен**

| Кезең | Ақшаның оң ағыны | Ақшаның жағымсыз ағыны | Ктқ1 = АОА/АЖА |
|---|---|---|---|
| 2018 жыл | 166 787 219 062,99 | 178 997 616 861,42 | 0,93 |
| 2019 жыл | 198 755 627 873,38 | 181 367 455 322,12 | 1,10 |
| 2020 жыл | 272 177 402 498,62 | 272 626 465 772,06 | 1,00 |
| 2021 жыл | 462 569 218 452,97 | 464 169 236 191,24 | 1,00 |
| 2022 жыл | 394 502 434 935,70 | 375 670 833 982,59 | 1,05 |
| **Барлығы** | **1 494 791 902 823,66** | **1 472 831 608 129,43** | 1,01 |

2022 жылдың қорытындысы бойынша кірістің 0,148 млн. теңгеге немесе 2021 жылмен салыстырғанда 8,4%-ға ұлғаюы байқалады және 1 899,8 млн. теңгені құрады. Қаржылық табыстың шамалы ұлғаюының себептері екінші деңгейдегі банктердегі депозиттік шоттарда орналастырылатын уақытша бос ақша қаражатының көлемінің ұлғаюы болып табылады.

**ЕДБ шоттары бойынша сыйақы динамикасы, млн. теңге**

| Көрсеткіштер/ Кезеңдер | 2017 ж | 2018 ж | 2019 ж | 2020 ж | 2021 ж | 2022 ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыйақылар бойынша кірістер | 2 439 | 1 217 | 735 | 2 373 | 1 752 | 1 900 |
| ТІМ орташа жылдық қалдығы | 32 612 | 18 431 | 15 463 | 29 151 | 22 428 | 17 650 |
| **Сыйақы бойынша орташа жылдық мөлшерлеме** | **7,48%** | **6,60%** | **4,75%** | **8,14%** | **7,81%** | **10,76%** |

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

Серіктестіктің тұрақты дамуы – бұл Серіктестік өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын принциптер мен міндеттемелердің жиынтығы:

1) мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқару;

2) бағалау және экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салаларға әсерді басқару.

## Экономикалық сала



- Жалғыз қатысушының мүдделерін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының фармацевтика саласының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Дәрілік заттарды мемлекеттік сатып алуды шоғырландыру арқылы фармацевтика өнеркәсібін дамыту;
- Бюджет қаражатын үнемдеу.

## Әлеуметтік сала



- Қазақстан Республикасы халқының тең, уақтылы және үздіксіз дәрілік қамтамасыз етілуін қамтамасыз ету;
- Еңбек қауіпсіздігін және қызметкерлердің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;
- Әділ сыйақы;
- Персоналды жеке дамыту.

## Экологиялық сала



- Табиғи жүйелерге әсерді азайту: шығыс материалдарын қысқарту, мысалы, электрондық құжат айналымына көшу есебінен қағаз құжат айналымын қысқарту;
- Бірыңғай дистрибьютор ДЗ мен МБ өндіруді және жеткізуді тиісті экологиялық бақылауды қамтамасыз ететін GMP/GDP халықаралық стандарты бар өндірушілер мен өнім берушілерден ғана ДЗ мен МБ сатып алуды жүзеге асырады.

## *Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл*

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл Серіктестіктің орнықты дамуының ажырамас бөлігі болып табылады және ағымдағы операциялық қызмет шеңберінде күнделікті практика болып табылады және заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Біздің басымдылығымыз – еститін денсаулық сақтау жүйесі және пациентке бағытталған тәсіл.

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету тетіктері туралы халықтың хабардар болу деңгейін арттыру, ҚР фармацевтика саласының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, дәрілік заттарды мемлекеттік сатып алуды шоғырландыру арқылы фармацевтика өнеркәсібін дамыту, сондай-ақ «СҚ-Фармация» ЖШС оң имиджін қалыптастыру және қолдау мақсатты аудиторияны зерделеу, ақпараттық кампаниялар жүргізу, қоғамдық пікірді қалыптастыру, процестердің ашықтығы мен айқындығы арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

«СҚ-Фармация» ЖШС-нің қызметі туралы халықты ақпараттандырудың барлық қолданыстағы арналары толық көлемде пайдаланылады және өзекті және шынайы ақпаратты алып жүреді. Бұл ресми веб-сайт, әлеуметтік медиа парақтары, Төрағаның блогы және әлеуметтік медиа парақтары, онда сіз онлайн режимінде байланысып, кері байланыс ала аласыз. Айта кету керек, корпоративтік сайтты жаңартып, әлеуметтік желілердегі ресми беттердің форматтарын жаңартқаннан кейін сайт пен әлеуметтік беттерге кіру көбейді, бұл өз кезегінде Бірыңғай дистрибьютор қызметінің ашықтығы мен айқындығын арттырды.

Сондай-ақ, «СҚ-Фармация» ЖШС-нде ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қалалық және ұялы телефондар үшін қолжетімді **1439** қысқа нөмірі бойынша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша Байланыс орталығы жұмыс істейді.

Бірыңғай дистрибьютордың Байланыс орталығының маңызды функцияларының бірі халықпен кері байланыс және пациенттердің Бірыңғай дистрибьютор сатып алатын тегін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды алуын бақылау болып табылады. ДЗ мен МБ туралы ақпарат «нақты уақыт» режимінде беріледі және барынша сенімді болып табылады.

2022 жылында БД БО халықтан **31 972 қоңырау қабылданды.** Оның ішінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша **клиент карточкасын тіркей отырып,** шағымдар мен өтініштер – **32 005**. Пациенттерден қабылданған қоңыраулардың жалпы саны ДЗ/МБ бойынша тіркелген өтініштер санынан едәуір аз, өйткені БО тіркелген пациенттердің 20%-ға жуығы 2 немесе одан көп нозологиялар бойынша диспансерлік есепте тұрады.

**7 671 өтініш** – бұл құпия болып табылмайтын құзірет шегінде Бірыңғай дистрибьютордың қызметі бойынша ақпараттық сипаттағы қоңыраулар, оның ішінде eGov.kz пайдаланушылардан 1089 қоңырау түсті. БД БО халыққа рецепт бойынша (жазылған, қамтамасыз етілген) консультация және тіркеу жүргізеді. eGov.kz

пайдаланушылардан қоңыраулардың жалпы санынан (793) 625 пациент ДЗ мен МБ алу фактісін растаған жоқ. Айта кету керек, 2022 жылдың 1-тоқсанымен салыстырғанда 2-тоқсанда пайдаланушылардан қоңыраулар саны айтарлықтай төмендеді: 1-тоқсанда 647 қоңырау, ал 2-тоқсанда 146 қоңырау болды, 1-тоқсанда 529 пациент, ал 2-тоқсанда 96 пациент ДЗ мен МБ алғанын растаған жоқ.

Ең көп өтініштер мынадай аурулары бар науқастардан болды:

1. Қант диабеті – 7119;
2. Артериялық гипертензия – 6132;
3. Жүректің ишемиялық ауруы – 2666;
4. Эпилепсия – 2118;
5. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы – 1478.

Есепті кезеңде **8 947 респондент** БО операторларының жұмысын 5 балдық шкала бойынша **4,8 балға** бағалады.

Бірыңғай дистрибьютор жұртшылықпен, оның ішінде ресми веб-сайт, әлеуметтік желілердегі парақтар, байланыс орталығы (1439 тегін қысқа нөмірі бойынша) және Төрағаның блогы арқылы сындарлы өзара іс-қимылды қалыптастыруға **мүдделі.**




Жұртшылықпен өзара іс-қимылды жақсарту мақсатында қоғамдық жұмыс тобы құрылды, онда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің неғұрлым өзекті мәселелері ашық талқыланды. Көтерілген барлық сұрақтар «Проблемалық сұрақтар кітабына» енгізілді. Онда 44 жүйелі сұрақтар пысықталды.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

Қоғамдық жұмыс тобының құрамына азаматтық қоғамның және бизнес-қауымдастықтың өкілдері, депутаттар мен салалық сарапшылар кіреді, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің қоғамдық маңызы бар мәселелері бойынша азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды жақсарту мақсатында құрылған. Бүгінгі күні жұмыс тобының алаңында 7 отырыс және ҚР Денсаулық сақтау министрімен кездесу өткізілді. Жұмыс тобының әрбір отырысы Facebookтің ресми парақшасында онлайн режимінде көрсетіледі.

Сонымен қатар, аурулардың әртүрлі топтары бойынша пациенттік ұйымдармен кездесу өткізілді. Кездесу шеңберінде айтылған барлық ұсыныстар мен өтініштер «Мәселелер тізіліміне» енгізілді.

Сондай-ақ, дәрігерлік қауымдастықтармен жоспарлау мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің өзекті мәселелері бойынша кездесулер өткізілді.

БАҚ-тан және жұртшылықтан келіп түскен барлық сауалдар **«алтын уақыт» қағидаты бойынша пысықталады**, бұл жедел өзара іс-қимыл жасауға және теріс ақпаратты жоққа шығаруға мүмкіндік береді.

СҚ-Фармация өз жұмысында азаматтық қоғам мен БАҚ үшін ашықтық қағидатын ұстануға ниетті.

Бірыңғай дистрибьютор барлық мүдделі тараптардың жалпы мәселелерді шешуге белсенді қатысуы 21 ғасырда табысты дамудың негізгі шарты екеніне сенімді.

Сонымен қатар, мемлекеттік құрылымдар мен ірі бизнес арасында ашық диалог орнату мақсатында **2022 жылғы 26-27 қазанда «GLOBAL PHARM» және «MedTech» II Халықаралық фармацевтикалық форумы өткізілді**. Форумға офлайн келушілер саны 300-ден астам адам болды, 2000-нан астам қатысушы онлайн трансляцияға қосылу мүмкіндігіне ие болды. Форум қонақтарының жалпы саны әлемнің 20-дан астам елінен болды, олардың ішінде: Түркия, Латвия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Швейцария, Болгария, БАӘ, Марокко, Украина, Польша, Дания, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Өзбекстан, Үндістан, Германия, Беларусь, Қытай, Ирландия, Армения және т.б.

## *Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау*

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі Серіктестіктің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге жеткілікті сенімділікті қамтамасыз ету үшін стратегиялық және жедел басқаруда қолданылады.

Серіктестіктің тұрақты табысына компанияны тиімді басқару және Серіктестік қызметімен байланысты тәуекелдер, ұйым жұмыс істейтін ортаны түсіну, персоналды тұрақты оқыту және инновацияларды енгізу арқылы қол жеткізіледі.

Серіктестіктің тәуекелдерді басқару шеңберінде Серіктестік Басқармасының шешімімен бекітілген Тәуекелдерді басқару жөніндегі қағидаларда тәуекелдерді басқару рәсімдері әзірленді және енгізілді.

**Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің міндеттері:**

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ



1. ұйымның барлық деңгейлерінде тәуекел мәдениетін дамыту
2. қауіпті оқиғалардың пайда болуының алдын алу
3. күтпеген жағдайларда тиімді әрекет ету және басқару
4. бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету
5. тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін үнемі жетілдіру

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ Серіктестіктің қызметі мен беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған.

**Тәуекелдерді басқару процесінің моделі төменде келтірілген.**




Тәуекелдерді басқару процесінің схемасы

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

*(Бақылау кеңесінің 2018 жылғы 25 мамырдағы шешімімен бекітілген Серіктестіктің Тәуекелдерді басқару саясатынан, №64 хаттама)*

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Серіктестік жоспарланған көрсеткіштер мен мақсаттарға қол жеткізуге, қабылданған шешімдердің тиімділігіне және тұтастай алғанда қызметтің нәтижелілігіне қандай да бір дәрежеде әсер ететін түрлі тәуекелдерге тап болады.

Серіктестікте тәуекелдерді басқару процесі Серіктестіктің 2021 жылғы 23 сәуірдегі Бақылау кеңесі бекіткен (№ 3 хаттама) Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес жүргізіледі. Бұл Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді басқару құрылымын, тәуекелдерді басқару процесінің негізгі компоненттерін анықтайды, Серіктестікте тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыруда жүйелі және дәйекті тәсілді қамтамасыз етеді.

2022 жылы серіктестік 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясында көрсетілген тәуекелдерді қарастырды.,серіктестіктің 2022 жылға арналған тәуекелдер тізілімі 27 тәуекелден тұрады, ал 2021 жылға арналған тәуекелдер тізілімінде 31 тәуекел көзделеді.




Іске асыру ықтималдығының деңгейі және тәуекелдің әсер ету мөлшері қайта қаралды, тәуекелдерді іске асыруға әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар қайта қаралды.

Осы тәуекелдерге егжей-тегжейлі мониторинг жасалынуы тиіс және Тәуекелдер иелері тарапынан ұсынылған ұсыныстар негізінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару қызметі сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қалыптастырды. Серіктестік тоқсан сайын Серіктестіктің Бақылау кеңесіне тіркелген тәуекелдер туралы хабарлайды.

«СҚ-Фармация» ЖШС-нің Бақылау кеңесі 2022 жылғы 31 мамырда (№4 Хаттама) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің 2022 жылға арналған тәуекелдер тізілімін, «Қазақстан

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

Халқына» Қоры бойынша тәуекелдерді қосу бөлігінде қайта қарау жөнінде қажетті шаралар қабылдауды» тапсырды.

Осыған байланысты, Серіктестік «Қазақстан Халқына» Қоры бойынша 2022 жылға арналған Серіктестіктің тәуекелдер тізіліміне 9 тәуекелді толықтыру жөнінде жұмыс жүргізді, оның 5-еуі қызыл аймақта, 4-еуі қызғылт сары аймақта және 4-еуі сары аймақта тұр.

**Ішкі бақылау**

Ішкі бақылау үш негізгі бағыт бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында ішкі бақылау жүйесіне қатысушылар жүзеге асыратын процесс ретінде айқындалады:

- операциялық қызмет;
- қаржылық есептілікті дайындау;
- нормативтік және заңнамалық талаптарды сақтау.

Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, Серіктестіктің барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесі шеңберіндегі қызметі Серіктестіктің Ішкі бақылау жүйесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Ішкі бақылау шеңберінде тәуекелдер матрицасы әзірленді, тәуекелдер матрицасының негізгі мақсаты бизнес-процестердің жоғарғы, екінші және үшінші деңгейіндегі Серіктестік қызметіне әсер ететін тәуекелдердің арақатынасы болып табылады. Тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы кемшіліктерді және жақсарту салаларын белгілей отырып, бақылау рәсімдерінің операциялық тиімділігін тексеруге мүмкіндік береді .

## *Персоналды басқару*

Бірыңғай дистрибьютордың негізгі ресурсы жоғары білікті кадрлар болып табылады. Кадрлық ресурстарды дамыту тұрақты даму саясатының бөлігі болып табылады.

2022 жылғы 30 желтоқсандағы жағдай бойынша Серіктестік штатында 194 қызметкер бар, жылдық орташа тізімдік саны 174 қызметкерді құрады, қызметкерлер саны 89,7% құрайды. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында кадрлардың тұрақтамауы 11,71%-ды құрады.







Штаттың көп бөлігі жастар, қызметкерлердің шамамен 48%-ы 40 жасқа толмаған. Қызметкерлердің жалпы санының 66%-ын әйелдер құрайды.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

Іс жүзінде 2022 жылғы 31 желтоқсанда Серіктестікте 169 адам жұмыс істейді. Барлық қызметкерлердің жоғары білімі бар.

**Қызметкелердің білімі**




2022 жылында Серіктестіктің 13 қызметкерінің меритократия қағидаты бойынша лауазымы жоғарылады, оның ішінде екі қызметкер құрылымдық бөлімшелердің басшыларына дейін жоғарылады.

2022 жылға Серіктестік қызметкерлері үшін «Тәуекелдерді басқару және корпоративтік шешімдердің сапасы», «ISO 31000:2018 және COSO ERM:2017 сәйкес компанияның қолданыстағы бизнес-процестеріне тәуекел-менеджментті ендіру», «Жобаларды басқару», «Операциялық менеджмент», «Ағылшын тілі», «Қазақ тілі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс», «Power Query-ді тәжірибеде қолдану», «Power BI жұмысының негіздері. Power BI ортасында есептерді өңдеу», «Java SE 8 Programming/ Java SE 8 Бағдарламалау», «Oracle Database: Program with PL/SQL/БД Oracle PS/SQL кеңейтілген мүмкіндіктері», «ХҚЕС-тағы жаңа: соңғы өзгерістер мен практикалық аспектілер», «Салық аудиті. ҚР Салық заңнамасындағы өзгерістер мен толықтырулар», «Тауарларға ілеспе жүкқұжаттар. ЭШФ. Виртуалды қойма», «Валюталық бақылау», «Мемлекеттік сатып алу туралы Заң және Қағидалар, 2022 жылға арналған өзгерістермен», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. ҚР Азаматтық процестік кодексіндегі өзекті өзгерістерге шолу», «Корпоративтік құқық және корпоративтік басқару», «Шарттық құқық», «Windows Server 2016-да түпнұсқалығын тексеру», «Microsoft Skype for Business 2015/2019 негізгі шешімдері» тақырыптарына жеке және корпоративтік оқыту өткізілді.

«СҚ-Фармация» ЖШС Стратегиясын іске асырудың 2019-2023 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес Серіктестік қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 30%-ын қамтыған кезде «Қызметкерлерді тестілеуді бағалау» іс-шарасы жоспарланған.

Қызметкерлерді тестілеу нәтижелерінің орташа жалпы балы 2022 жылға 80% деңгейінде жоспарланған.

Тестілеуден 107 қызметкер өтті. Тестілеу нәтижелері бойынша тестілеу нәтижелерінің орташа балы анықталды, ол 98,1%-ды құрайды.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

**Материалдық:**

- Серіктестіктің басқармалары мен қызметтері үшін тиімділіктің негізгі көрсеткіштері әзірленді және бекітілді, оларды орындау бойынша тоқсан қорытындысы бойынша қызметкерлерге сыйлықақы беру жүзеге асырылды, тиімділіктің орташа негізгі көрсеткіші 99,5%-ды құрады;
- Наурыз Мейрамы мен Медицина қызметкері күнінің кәсіби мерекесіне орай мерекелік күндерге қызметкерлерге сыйлықақы берілді;
- қызметкерлерге некеге тұруға немесе бала тууға байланысты материалдық көмек беру жүзеге асырылады.

**Материалдық емес:**

- ведомстволық наградалармен марапатталды:
    - «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгілерімен - 3 қызметкер;
    - ҚР Министрінің құрмет грамоталарымен - 6 қызметкер;
    - ҚР Министрінің алғыс хатымен - 3 қызметкер.
- тұрақты негізде қызметкерлерді ішкі наградалармен марапаттау жүргізіледі, осылайша есепті кезеңде:
    - жұмыстағы жетістіктері үшін құрмет грамотасымен - 22 қызметкер;
    - Басқарма Төрағасының алғыс хаттарымен - 13 қызметкер.
- Корпоративтік мәдениет шеңберінде қызметкерлердің туған күнімен құттықтаулар корпоративтік пошта арқылы жіберіледі.

## *«СҚ-Фармация» ЖШС Жастар комитеті*

«СҚ-Фармация» ЖШС Жастар комитеті Серіктестіктің тұрақты жұмыс істейтін кеңесші-консультативтік органы болып табылады. Жастар комитетінің қызметі оның мүшелерінің алқалылығы, жариялылығы, тәуелсіздігі мен теңдігі, қоғамдық пікірді есепке алу және қолдау қағидаттарына негізделеді.

Өз қызметін жүзеге асыра отырып, Жастар комитеті басшылықпен, құрылымдық бөлімшелермен, аумақтық органдардың жастар кеңестерімен, жастар және қоғамдық ұйымдармен және басқа да мемлекеттік органдардың кеңестерімен өзара іс-қимыл жасайды. Жастар комитеті жастармен жұмыс жөніндегі қызметті үйлестіру үшін құрылған.

## *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл*

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру** шеңберінде Бірыңғай дистрибьютор Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) тұрақты негізде өзара іс-қимыл жүргізеді.

Серіктестіктің бастамасымен ағымдағы жылдың 21 шілдесінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Басқарма Төрағасының қатысуымен медициналық

техниканы сатып алу мәселесі бойынша кеңес өткізілді, онда медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру жөніндегі жоба таныстырылды.

Ағымдағы жылдың 10 қарашасында Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Integrity review» жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасында «Мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардағы мүдделер қақтығысының алдын алу» тақырыбында семинарға қатысты.

Сондай-ақ, **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар** өткізілуде:

- ҚР заңнамасына сәйкес заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталу мониторингі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау (бұзушылықтар анықталған жоқ);
- қаржылық бақылау шараларын іске асыру – кірістер мен мүлік туралы декларациялар (барлық лауазымды тұлғалар декларация тапсырды);
- мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу мақсатында мониторинг (мүдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ);
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы құпия ақпараттандыру арналарын құру және мониторингілеу;
- ДЗ мен МБ сатып алу, мемлекеттік сатып алу шеңберінде контрагенттердің сенімділігіне тексеру жүргізу;
- «СҚ-Фармация» ЖШС-нде бос лауазымдарға орналасу үшін әңгімелесуге кандидаттарды тексеру (бос лауазымдарға орналасуға 8 әңгімелесу өткізілді, 37 кандидатты тексеру ұйымдастырылды);
- «СҚ-Фармация» ЖШС-нің контрагенттер, аудиторлық компаниялар (үшінші тұлғалар) тарапынан комплаенс тексеруден өтуі;
- Серіктестік қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру, оқыту тоқсан сайынғы негізде, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті тарта отырып жүргізіледі.

**4 тоқсанда «Antibribery management systems» ISO-37001 (Парақорлыққа қарсы күрес менеджментінің жүйесі) халықаралық стандартын енгізу бойынша жұмыс жүргізілді.**

14-15 қарашада «Менеджмент жүйесін сертификаттау республикалық орталығы» ЖШС (бұдан әрі – Орталық) ішкі нормативтік құжаттардың болуы және «Anti-bribery management systems» ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің аудитінің бірінші кезеңі өткізілді.

Бірінші аудит нәтижелері бойынша ескертулер жоқ, бұзушылықтар анықталған жоқ.

28-29 қарашада Орталық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің аудитінің екінші кезеңін өткізді, оның шеңберінде компания басшылығымен және қызметкерлерімен стандарт бойынша әңгімелесу өткізілді, комплаенс-офицердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін іске асыру жөніндегі

қызметін растайтын құжаттамаға (жоспарлар, анықтамалар, хаттар, хаттамалар және т.б.) аудит жүргізілді.

Аудиттің 2 кезеңінің қорытындысы бойынша аудиторлар Басқарма мүшелерінің, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын және «Anti-bribery management systems» ISO 37001:2016 халықаралық стандарты нормаларын жоғары деңгейде білетіндігін атап өтті.

Енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растау аудитінің нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктерді жою үшін түзету іс-қимылдарының Жоспары жасалды, оның орындалуы ағымдағы жылдың соңына дейін іске асырылатын болады.

Көрсетілген сәйкессіздіктер Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің «Anti-bribery management systems» ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігі туралы сертификат беруге кедергі келтірмейді.

Қазіргі уақытта сертификат берілді.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды реттеу**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл тетіктерін жетілдіру мақсатында ағымдағы жылдың 3 тоқсанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шараларды реттейтін мынадай ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп бекітілді:

1) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің шеңберінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басшылық.

2) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің бағдарламасы. Ұйымның контексті».

3) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің шеңберінде Құжатталған ақпаратты басқару қағидалары.

4) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің Ішкі аудитін жүргізу қағидалары.

5) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің басшылығы тарапынан талдау қағидалары.

6) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің шеңберіндегі сәйкессіздіктер мен түзету іс-қимылдарын басқару қағидалары.

7) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің қызметкерлері үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## *Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары мен құрылымы*

«СҚ-Фармация» ЖШС корпоративтік басқаруды Серіктестік қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту құралы ретінде қарастырады.

Серіктестікте қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесі Қазақстандық және халықаралық корпоративтік басқару тәжірибелерінің талаптары мен стандарттарын ескере отырып, үнемі жетілдіріліп отырады.

Серіктестіктің корпоративтік басқару жүйесі Серіктестіктің қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ Жалғыз қатысушы, Бақылау кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығы болып табылады. Серіктестік органдарының құзыреттері нақты бөлінген және Серіктестіктің Жарғысында және басқа да ішкі құжаттарында бекітілген.

2018 жылдан бастап Серіктестік Жалғыз қатысушының шешімімен бекітілген Серіктестіктің корпоративтік басқарудың жаңа Кодексін енгізеді (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Вице-министрінің 2018.05.10 № 249 бұйрығы).

Серіктестіктің корпоративтік басқаруын ұйымдастыру және іске асыру Серіктестіктің Жарғысына және корпоративтік органдар – Жалғыз қатысушы, Бақылау кеңесі, Басқарма, Ревизиялық комиссиясы арасындағы қатынастарды реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

**Серіктестіктің құрылымы және басқару органдары**

1) Серіктестіктің жоғары органы – Жалғыз қатысушы;

2) Серіктестіктің алқалы бақылау органы – Бақылау кеңесі;

3) Серіктестіктің атқарушы органы – Басқарма;

4) бақылаушы орган – Ревизиялық комиссия.

«СҚ-Фармация» ЖШС Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен мақұлданған (№81 хаттама). Есепке сәйкес, Серіктестікті корпоративтік басқарудың барлық қағидаттары сақталады.

## *Жалғыз қатысушы*

2013 жылы «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес «СҚ-Фармацияға» мемлекеттік қатысу үлесінің 100% иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне берілді.

**Серіктестіктің жарғылық капиталы** Серіктестік қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған және оның мөлшері 700 000 000 (жеті жүз миллион) теңгені құрайды.

## *Бақылау кеңесі*

Бақылау кеңесі Серіктестікке стратегиялық басшылықты және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз қатысушыға есеп беретін басқару органы болып табылады.

Бақылау кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің Жарғысына, Серіктестіктің Корпоративтік басқару кодексіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шешімдеріне, Бақылау кеңесі туралы Ережеге және Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Бұл ретте Бақылау кеңесі келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

1) даму стратегиясын (бағыттары мен нәтижелері) айқындау;

2) даму стратегиясында және/немесе даму жоспарында белгіленетін ҚНК қою және мониторингтеу;

3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

4) Бақылау кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да түйінді стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингтеу;

5) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысын (сыйлықақысын) айқындау және қызметін қадағалау;

6) корпоративтік басқару және этика.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы №25 бұйрығына сәйкес Серіктестіктің Бақылау кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 жыл болып айқындалды және 2022 жылғы 30 қаңтарда аяқталды.

Бақылау кеңесінің жаңа құрамы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 сәуірдегі № 232 бұйрығымен, өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл болып, келесі құрамда айқындалды:

– Шоранов Марат Едігеұлы – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Бірінші вице-министрі;
– Тәшенев Бақытбек Хакімұлы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;
– Таукелева Саида Жанәбілқызы – Бақылау кеңесінің мүшесі;
– Лавриненко Юрий Иванович – Бақылау кеңесінің мүшесі;
– Баймағамбетов Дәурен Өрістемұлы – Бақылау кеңесінің мүшесі.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 15 тамыздағы №706 «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесінің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен *(М.Е. Шорановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Бақылау кеңесінің құрамына Денсаулық сақтау вице-министрі В.Ю. Дудник сайланды);*

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## 2022 жылғы 31 желтоқсанға Бақылау кеңесінің құрамы



**Лавриненко Юрий Иванович**

**Бақылау кеңесінің Төрағасы**

**Туылған күні::**

**24.11.1945**

**Жұмыс орны:**

**«KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағы Төрағасының Орынбасары**

**Білімі:**

1968 – Ленинград теміржол көлігі инженерлерінің институты, мамандығы «Темір жолдарды пайдалану»

1991 – КОКП ОК жанындағы «Саясаттанушы» ҚҒА

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**



**Дудник Вячеслав Юрьевич**

**Бақылау кеңесінің мүшесі**

**Туылған күні::**

**02.04.1963**

**Жұмыс орны:**

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Вице-министрі.**

**Білімі:**

1986 –«Емдеу» мамандығы бойынша ҚММИ (үздік);

2010 – «Экономика» мамандығы бойынша Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті;

2013 – «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» біліктілігі бойынша ХБА;

2016 – «Іскерлік әкімшілендіру докторы» біліктілігі бойынша РХША;

2017 – Швейцарияның Европалық университеті, DBA. Жоғары санатты дәрігер, МҒД

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**



**Ташенев Бақытбек Хакімұлы**

**Бақылау кеңесінің мүшесі**

**Туылған күні:**

**19.10.1977**

**Жұмыс орны:**

**ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы**

**Білімі:**

1999 – Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясы, мамандығы «Инженер-экономист»;

2002 – Қазақ гуманитарлық-заң университеті, мамандығы «Заңгер».

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**



**Баймағамбетов Даурен Өрістемұлы**

**Бақылау кеңесінің мүшесі**

**Туылған күні:**

**28.12.1976**

**Жұмыс орны:**

**«IKapitalist ltd» ЖК Қаржы директоры**

**Білімі:**

1997 – Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясы, мамандығы «Экономист»;

1999 – Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институты «Мемлекеттік Басқару Магистры»;

2000 – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, мамандығы «Заңгер»

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**



**Таукелева Саида Жанәбілқызы**

**Бақылау кеңесінің мүшесі**

**Туылған күні:**

**24.06.1980**

**Жұмыс орны:**

**ҚР бойынша «Қоғамдық бақылау және мониторинг» РҚБ басшысы, Алматы қ.**

**Білімі:**

2001 – Қазақ Мемлекеттік Заң Академиясы Алматы қ.

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**

**Бақылау кеңесінің мүшелерін іріктеу критерийлері**

Бақылау кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде назарға алынады:

1) басшы лауазымдарда, оның ішінде денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және/немесе экономиканың/қаржының және/немесе бизнестің және/немесе құқықтың бейіні бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі;

2) Бақылау кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі және денсаулық сақтау және/немесе экономика және/немесе бизнес және/немесе құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелігі;

3) білімі, мамандығы, халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, денсаулық сақтау және/немесе экономика және/немесе бизнес және/немесе құқық (MBA) саласында қосымша білімі, кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі бар;

4) бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);

5) іскерлік бедел.

**Бақылау кеңесінің Комитеттері**

2020 жылғы 26 қарашада Серіктестіктің Бақылау кеңесінің отырысы барысында Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің бастамасымен Басқармаға Бақылау кеңесінің жанынан консультативтік-кеңесші комитеттер құруға мүмкіндік беретін ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер/толықтырулар енгізу тапсырылды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 17 ақпандағы №82 бұйрығымен қолданыстағы Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар Комитеттер құру тәртібін реттеді.

Бақылау кеңесінің шешімімен 2021 жылғы 28 шілдеде Бақылау кеңесінің жанынан 3 Комитет құрылып, олар туралы Ережелер бекітілді:

1) «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті;

2) «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті;

3) «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесінің Тәуекелдер және ішкі бақылау комитеті.

Мысалы, 2022 жылдың ішінде Комитеттер Бақылау кеңесінің қарауына енгізілген материалдарды алдын ала қарау бойынша жұмыс жүргізуде және ұсынымдар әзірлеуде.

| Бақылау кеңесі комитеттерінің мүшелері | Қатысуы | | |
|---|---|---|---|
| | "СҚ-Фармация" ЖШС Бақылау кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті | "СҚ-Фармация"ЖШС Бақылау кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті | "СҚ-Фармация"ЖШС Бақылау кеңесінің тәуекелдер және ішкі бақылау комитеті |
| **Лавриненко** Юрий Иванович | 8/8 | 5/6 | 8/8 |
| **Баймағамбетов** Даурен Әрістемұлы | 8/8 | 6/6 | 8/8 |
| **Таукелева** Саида Жанәбілқызы | 8/8 | 6/6 | 8/8 |

**Бақылау кеңесі жұмысының қорытындылары**

Есепті жылы Жарғыда және Бақылау кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарында айқындалған құзыретіне сәйкес «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесі мәселелерді қарап, келесі бағыттар бойынша тиісті шешімдер қабылдады:

1. Ревизиялық комиссияның есептері (Ревизиялық комиссияның тоқсан сайынғы негізде қаралатын есептері);

2. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері (тоқсан сайынғы негізде қаралатын тәуекелдерді басқару жөніндегі есептер; Тәуекелдер тіркелімі; Тәуекелдер картасы; Сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары; Тәбет тәуекелі; Серіктестіктің тәуекелдер мен бақылаулар матрицалары).

Қаржы-экономикалық, стратегиялық бағыттағы мәселелер (аудиттелген жылдық қаржылық есептілік және 2021 жылғы таза табысты бөлу тәртібі; 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспарын орындау бойынша 2021 жылға есеп; 2022-2026 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспары; 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру бойынша 2021 жылға есеп; 2021 жылдың қорытындысы бойынша Серіктестік қызметінің нәтижелері және 2022 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша; тұрақты даму бойынша 2021 жылға есеп; мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) өзара іс-қимылды бағалау бойынша 2021 жылға есеп; Басқарма мүшелерінің 2021 жылға нақты мәндері бар қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталары).

Ішкі нормативтік құжаттарға (жаңа редакциядағы Қайырымдылық көмек көрсету саясаты; Серіктестіктің мүдделі тараптарының (стейкхолдерлерінің) қанағаттану деңгейін айқындау Әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар; жаңа редакциядағы Басқарма туралы ереже) өзгерістер мен толықтырулар енгізу/бекіту;

3. Кадрлық (ұйымдық құрылымы және штат саны, Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақыларын айқындау; Комплаенс- офицердің

өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; Комплаенс-офицерді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін және лауазымдық айлықақы мөлшерін айқындау).

Бақылау кеңесінің **11** отырысына қатысу.

| Бақылау кеңесінің мүшелері | Қатысуы | | | | | | | | | | | 2022 ж отырыстар дың жалпы санынан % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 07.04 №1 (З) | 22.04 №2 (О) | 28.04 №3 (З) | 31.05 №4 (О) | 30.06 №5 (О) | 29.07 №6 (О) | 26.08 №7 (О) | 13.10 №8 (О) | 10.11 №9 (З) | 02.12 №10 (О) | 28.12 №11 (З) | |
| **Лавриненко Юрий Иванович** *ҚР ДСМ 04.04.2020 №232 бұйрығымен сайланды* | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | **100%** |
| **Шоранов Марат Едігеұлы** *ҚР ДСМ 04.04.2022. №232 бұйрығымен сайланды* | + | ⊕ | - | - | - | - | *ҚР ДСМ 15.08.2022. бұйрығымен өкілеттіктер тоқтатылды* | | | | | **33%** |
| **Дудник Вячеслав Юрьевич** *ҚР ДСМ 15.08.2022. №706 бұйрығымен сайланды* | *ҚР ДСМ 15.08.2022. №706 бұйрығымен сайланды* | | | | | | ⊕ | ⊕ | + | - | - | **60%** |
| **Тәшенев Бақытбек Хакімұлы** *ҚР ДСМ 04.04.2022 №232 бұйрығымен сайланды* | + | - | + | + | ⊕ | - | ⊕ | ⊕ | + | ⊕ | - | **81,8%** |
| **Баймагамбетов Дәурен Өрістемұлы** *ҚР ДСМ 04.04.2020 №232 бұйрығымен сайланды* | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | **100%** |
| **Таукелева Саида Жанәбілқызы** *ҚР ДСМ 04.04.2020 №232 бұйрығымен сайланды* | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | **100%** |

*⊕ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікір бере отырып, директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарына қатысу.*

**Бақылау кеңесі мүшелерінің сыйақысы**

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № 630 бұйрығына сәйкес Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы мөлшері әрқайсысына тоқсан сайын төленетін 550 000 (бес жүз елу мың) теңге сомасында айқындалды.

Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Серіктестіктің Бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу жүргізілмейді.

Бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мынадай шарттар орындалған кезде жүзеге асырылады:

- Бақылау кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін адал ниетпен орындау;
- Серіктестіктің Бақылау кеңесінің отырыстарына, науқастану, демалыс, іссапарды қоспағанда, қатысу.

Бақылау кеңесінің мүшесі Бақылау кеңесінің барлық өткізілген бетпе-бет және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, тіркелген сыйақы науқастануды, демалысты, іссапарды қоспағанда, елу пайызға азаяды.

Серіктестіктің Бақылау кеңесі мүшелерінің тұрақты тұратын жерінен тыс жерде өткізілетін Серіктестіктің Бақылау кеңесінің отырыстарына баруына байланысты Серіктестіктің Бақылау кеңесі мүшелеріне шығыстарды өтеу Серіктестіктің Басқарма Төрағасының іссапар шығыстарын өтеу тәртібі мен нормалары шегінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Серіктестіктің Бақылау кеңесінің мүшелеріне шығыстарды өтеу жүргізілмейді.

## *Басқарма*

Басқарма Жалғыз қатысушыға және Бақылау кеңесіне есеп береді және Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын және Жалғыз қатысушы мен Бақылау кеңесі қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады.

2022 жылдында Басқарманың 39 отырысы өткізілді, онда 121 мәселе қаралды, 296 шешім қабылданды.

| 39 | 19 | 20 | 121 |
|---|---|---|---|
| 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында өткізілген отырыстар | Бетпе-бет отырыстар | Сырттай отырыстар | Қаралған сұрақтар |

## Басқарма құрамы



### Искалиев Ерхат Серікұлы

**Басқарма Төрағасы**

**Туылған күні:**

**25.09.1976**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 12.07.20 ж. № 27 Бұйрығымен Басқарма төрағасы лауазымына тағайындалды

**Білімі:**

1998 – Братьев Карич» университетінің Банк ісі және сауда Академиясы (Югославия), мамандығы «Экономист-менеджер»;

2003 – Құқықтану Академиясы - «Әділет» Жоғары құқық мектебі (Астана), мамандығы «Құқықтану»;

2009 – ХБА (Астана) – МВА бағдарламасы;

2009 – Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ (Алматы) – э.ғ.к. (Ph.D), мамандығы «Қаржы, ақша айналымы және кредит»;

2015 – «DBA» Халықаралық Бағдарламасы.

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Серіктестік қызметін үйлестіру және жалпы басқару.**



### Омарова Гүлнәр Аттинқызы

**Басқарма Төрағасының орынбасары**

**Туылған күні:**

**27.11.1967**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 29.04.21 ж. №64 Бұйрығымен Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды

**Білімі:**

1990 – Алма-Ата мемлекеттік медициналық институты, мамандығы «Провизор»;

2008 – Экономика және құқық академиясы, мамандығы «Юриспруденция»;

2009 – «Болашақ» Қарағанды университеті, мамандығы «Фармация».

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Фронт және мидл кеңселерінің, сондай-ақ ақпараттық технологиялар мен цифрландыру жұмыстарының даму саясатын қалыптастыру мәселелері бойынша Серіктестіктің мүдделерін білдіру және функцияларын орындауды қамтамасыз ету**

## Состав Правления



### Отеуов Мұқан Қанатұлы

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

**Туылған күні:**

**11.05.1990**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 10.08.2022 ж. №687 Бұйрығы

**Білімі:**

2010 – Simon Fraizer University, Бизнес Әкімшілігі факультеті - қашықтықтан оқыту курсы (Ванкувер, Канада);

2012 – Астана қ. Қазақстан-Ресей университеті, Құқықтану факультеті – сырттай бөлім;

2016 – «Көкше» академиясы, экономика магистрі;

2019 – «ҚДСЖМ» Қазақстан медициналық университеті - магистр, денсаулық сақтау менеджері.

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Серіктестіктің қаржылық-экономикалық қызметін және бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды қамтамасыз ету**



### Құрманова Бақытжамал Садыққызы

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

**Туылған күні:**

**19.02.1964**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 28.06.2021 ж. №377 Бұйрығы

**Білімі:**

1986 – Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, мамандығы «Биология. Биология және химия пәнінің оқытушысы»;

2005 – С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, мамандығы «Провизор»;

Ғылыми дәрежесі – биология ғылымдарының кандидаты

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Серіктестіктің қызметін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мониторингі және жоспарлау бөлігінде қамтамасыз ету**



### Қансұлтан Нұржан Ғалымжанұлы

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

**Туылған күні:**

**29.06.1978**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 17.08.2020 ж. №512 Бұйрығы

**Білімі:**

1999 – Қазақ Мемлекеттік Заң Университеті, мамандығы «Заңгер»;

2007 – «Қайнар» университеті, мамандығы «Қаржы»;

2020 – Азаматтық авиация академиясы, мамандығы «Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану».

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Әкімшілік-шаруашылық, құқықтық және сатып алу қызметін қамтамасыз ету**



### Оспанов Ержан Мухтарұлы

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

**Туылған күні::**

**08.10.1982**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 28.06.2021 ж. №377 Бұйрығы

**Білімі:**

2008 – С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, мамандығы «Денсаулық сақтау және фармациядағы менеджмент»;

2018 – Тұран университеті, мамандығы «Экономика».

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Серіктестіктің қызметін өнім берушілерді мониторингілеу және сүйемелдеу, оның ішінде ОТӨ, логистика және сақтау бөлігінде қамтамасыз ету**

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## *Ревизиялық комиссия*

«СҚ-Фармация» ЖШС Ревизиялық комиссиясының (бұдан әрі – Ревизяилық комиссия) «СҚ-Фармация» ЖШС-нің (бұдан әрі – Серіктестік) 2022 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспары (бұдан әрі – ЖАЖ) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 18 наурыздағы № 198 бұйрығымен бекітілген, онда мынадай аудиторлық іс-шаралар көзделген:

1) серіктестіктің өңірлік өкілдіктері қызметінің тиімділігін бағалау;

2) Бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін бағалау және оның негізінде серіктестіктің қаржылық есептілігін жасау;

3) логистика және қойма инфрақұрылымы басқармасы қызметінің тиімділігін бағалау;

4) Даму жоспарына түзету жүргізуді және Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті талдау;

5) Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар қорларын талдау, оларды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлаудың негізділігі, оларды пайдаланудың тиімділігі және шығыстарды қысқарту мақсатында ішкі резервтерді анықтау;

6) Даму жоспарында көзделген шығыстар тиімділігінің аудиті, әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерін сақтау, оның ішінде үнемсіз шығындарды анықтау.

ГАП-та көзделген іс-шаралар толық көлемде орындалды.

Есепті кезеңде ішкі аудит нәтижелері бойынша **38 анықтама анықталып, 54 ұсыныс берілді.**

Тексеру комиссиясы анықтаған кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді жою, оларды бұдан әрі жібермеу, орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша алынған ұсынымдарды іске асыру мақсатында серіктестік жауапты тұлғаларды және орындау мерзімдерін белгілей отырып, түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі және бекітті.

ҚРДСМ 18.07.2022 жылғы №584 бұйрығымен бекітілген «СҚ-Фармация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі саясаттың 178-тармағына сәйкес іс-шараларды орындау мерзімдерін ұзартуды ескере отырып, 2021 жылғы 4-тоқсанда, 2022 жылғы 1-3-тоқсанда орындау мерзімдері басталған аудиттердің қорытындылары бойынша анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау 97%-ды құрайды.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## *Ұйымдық құрылым*



# 2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

***2022 жылғы жұмыстың негізгі нәтижелері***



## МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕХНИКАНЫ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫП САТЫП АЛУ

**Медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алудың әсері: үнемдеу, бәсекелестікті дамыту, сервистік қызмет көрсетуді жетілдіру, медициналық қызметтер көрсету сапасын арттыру, жаңа өндірістер ашу болады**



## МЕДИЦИНАЛЫҚ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КЛАСТЕРЛЕРДІ ДАМЫТУ

**Отандық ғылыми-зерттеу институттарын, R&D типті ірі медициналық жоғары оқу орындарының ғылыми зертханаларын тарту, сондай-ақ оларды еркін экономикалық және индустриялық аймақтарда өрістету**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ ISO СЕРТИФИКАТЫ

**ISO 37001:2016 "Anti-bribery management systems"сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының сәйкестік сертификатын алу**

СК-ФАРМАЦИЯ

**Байланыс ақпараты**

**«СҚ-Фармация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Мекенжайы: Қазақстан Республикасы**
**010000, Астана қаласы,**
**Достық көшесі 13/3**

**Кеңсе: +7 (7172) 559 708**

**Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Байланыс орталығының телефоны**

**1439**

***(қалалық және ұялы телефондардан тегін)***

**Пошта: info@sk-pharmacy.kz**

**Сайт: www.sk-pharmacy.kz**